8. “Oficial'nyj sajt komiteta statistiki Ministerstva nacional'noj ekonomiki Respubliki Kazahstan” (2020), available at: <http://stat.gov.kz> (accessed February 16, 2020) (In Russian).
9. “Internet-portal “Kazahstanskoe sodержanie” (2020), Internet-portal kazahstanskih proizvoditelej tovarov, rabot i uslug”, available at: <http://ks.gov.kz/> (accessed February 9, 2020) (In Russian).
10. Esymhanova, Z. K. (2017), “Finansovye aspekty deyatel'nosti MSB Kazahstana na sovremennom etape”, *Rossiya: ot stagnacii k razvitiyu (regional'nye, federal'nye, mezhdunarodnye problemy)*, *sbornik materialov XI zaochnoj Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii molodyh uchenyh, aspirantov, studentov i shkol'nikov*, available at: <https://www.elibrary.ru/> (accessed February 10, 2020) (In Russian).
11. Bejsenov, A. P., Abzhalelova, Sh. R. and Bejsenova, A. A. (2019), “Problemy i perspektivy innovacionnogo razvitiya MSB v Kazahstane”, *Rossijskij ekonomicheskij vestnik*, pp. 158–165, available at: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=41585334> (In Russian).
12. “Programmy dlya dejstvuyushchih predprinimatelej” (2020), Fond razvitiya predprinimatel'stva “Damu”, available at: <https://damu.kz> (accessed February 9, 2020) (In Russian).
13. Ermagambetov, D. N. (2019), “Gosudarstvennaya podderzhka malogo i srednego predprinimatel'stva v Respublike Kazahstan”, *Molodoj uchenyj*, No. 3, pp. 166–170 (In Russian).
14. Eshugova, S. K. and Hamirzova, S. K. (2018), “Sovershenstvovanie sistemy gosudarstvennogo regulirovaniya i podderzhki malogo biznesa v nestabil'nyh ekonomicheskikh usloviyah”, *Novye tekhnologii*, No. 4, pp. 124–132 (In Russian).
15. Seroshtan, M. V. and Darvish, F. (2019), “Kriterii otneseniya hozyajstvuyushchih sub"ektov k sub"ektam malogo i srednego predprinimatel'stva: Rossijskaya i zarubezhnaya praktika”, *Zhurnal novyh tekhnologij*, No. 2 (48), pp. 185–196, Doi:10.24411/2072-0920-2019-10218 (In Russian).
16. Paramonova, T. N., Uryas'eva, T. I. and Ramazanov, I. A. (2015), “Rynok legkoj i tekstil'noj promyshlennosti v period importozameshcheniya”, *Torgovo-ekonomicheskij zhurnal*, No. 1, pp. 53–66, Doi: 10.18334/tezh.3.1.35072.

SUMMARY

This article discusses the development of small and medium-sized enterprises in Kazakhstan, describes the barriers that prevent the development of existing production facilities and suggests possible ways to eliminate

them. The strengths and weaknesses of state support measures, as well as opportunities and threats to the activities of enterprises, are identified.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қарастырылады, қолданыстағы өндірістік қуаттардың дамуына кедергі келтіретін кедергілер сипатталған және оларды жоюдың ықтимал жолдары ұсынылған. Мемлекеттік қолдау шараларының күшті және әлсіз жақтары, сондай-ақ кәсіпорындардың қызметі үшін мүмкіндіктер мен қауіптер анықталды.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается развитие малого и среднего предпринимательства в Казахстане, описаны барьеры, препятствующие развитию существующих производственных мощностей и предложены возможные пути их устранения. Определены сильные и слабые стороны мер государственной поддержки, а также возможности и угрозы для деятельности предприятий.

ИНФОРМАЦИЯ ОБ АВТОРАХ

Гимранова Лейля Рамильевна – докторант PhD, Карагандинский Экономический Университет Казпотребсоюза, Караганда, Республика Казахстан, e-mail: brs_@mail.ru.

Притворова Татьяна Петровна – доктор экономических наук, профессор, Карагандинский Экономический Университет Казпотребсоюза, Караганда, Республика Казахстан.

Гимранова Галия Ильясовна – кандидат экономических наук, доцент, Карагандинский Экономический Университет Казпотребсоюза, Караганда, Республика Казахстан.

MPHTI 06.61.53

JEL Classification: R11

STATE REGULATION OF INNOVATIVE DEVELOPMENT OF CITY AGGLOMERATIONS IN KAZAKHSTAN

G. Galymkyzy¹, L. Zh. Ashirbekova²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose of the research is study the theoretical aspects of regulation process from the state and pace of innovation development of urban agglomerations, to develop recommendations to address and improve issues of transition to new qualitative level in the innovative development regulation of urban agglomerations.

Methodology – general scientific methods such as synthesis, analysis, comparison, and generalization.

The originality / value of the research is determined by studying the levels and effectiveness of public regulation of innovative development of urban agglomerations in Kazakhstan. The potential of urban agglomerations is associated with the use of opportunities for innovative and technological development in achieving state and regional goals.

Findings – analysis of the rating indicators on volume of innovative products produced in the Republic of Kazakhstan, level of innovative activity of enterprises, rating indicators of Kazakhstan in the Global innovation index (GII) for the period 2017-2019 was carried out, and the main problems were identified.

Conclusion – analyzing the main factors, recommendations were made taking into account the existing barriers and problems in the field of regulation of innovation activity.

Keywords: innovative infrastructure, urbanization, innovative activity, urban development, innovative agglomeration, public administration.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ АГЛОМЕРАЦИЯЛАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Г. Ғалымқызы¹, Л. Ж. Аширбекова²

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты – қалалық агломерациялардың инновациялық даму қарқыны және мемлекет тарапынан реттеу үдерісінің теориялық аспектілерін зерттеп, қалалық агломерациялардың инновациялық дамуын реттеуде жаңа, сапалы деңгейге көтеру мәселелерін шешу және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Әдіснамасы – синтез, талдау, салыстыру, жалпылау сияқты жалпы ғылыми әдістер.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы – Қазақстандағы қалалық агломерациялардың инновациялық дамуын мемлекеттік реттеу деңгейлері мен тиімділіктерін зерттелуімен айқындалады. Қалалық агломерациялардың әлеуеті – мемлекеттік және аймақтық мақсаттарға жетуде инновациялық-технологиялық дамудың мүмкіндіктерін пайдаланумен байланысты.

Зерттеу нәтижелері – Қазақстан Республикасы бойынша өндірілген инновациялық өнімдер көлемі, кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі, Қазақстанның жаһандық инновациялық индекстегі (ГИИ) 2017-2019 жылдар аралығындары рейтинг көрсеткіштеріне талдаулар жүргізіліп, мәселелер анықталды.

Қорытынды – негізгі факторларды талдай келе, инновациялық қызметті реттеу саласында кездесетін кедергілер мен мәселелерді ескере отырып, ұсыныстар жасалды.

Түйін сөздер: инновациялық инфрақұрылым, урбанизация, инновациялық белсенділік, қалалық даму, инновациялық агломерация, мемлекеттік басқару.

ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ГОРОДСКИХ АГЛОМЕРАЦИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Г. Ғалымқызы¹, Л. Ж. Аширбекова²

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Целью исследования – изучение теоретических аспектов процесса регулирования со стороны государства и темпов инновационного развития городских агломераций, выработка рекомендаций по

решению и совершенствованию вопросов перехода на новый, качественный уровень в регулировании инновационного развития городских агломераций.

Методология – общенаучные методы, такие как синтез, анализ, сравнение, обобщение.

Оригинальность/ценность исследования – определяется изучением уровней и эффективности государственного регулирования инновационного развития городских агломераций в Казахстане. Потенциал городских агломераций связан с использованием возможностей инновационно-технологического развития в достижении государственных и региональных целей.

Результаты исследования – проведен анализ показателей рейтинга по объему произведенной инновационной продукции по Республике Казахстан, уровню инновационной активности предприятий, рейтинговым показателям Казахстана в Глобальном инновационном индексе (ГИИ) за период 2017-2019 гг. и определены основные проблемы.

Заключение – анализируя основные факторы, были выработаны рекомендации с учетом имеющихся барьеров и проблем в области регулирования инновационной деятельности.

Ключевые слова: инновационная инфраструктура, урбанизация, инновационная активность, городское развитие, инновационная агломерация, государственное управление.

КІРІСПЕ

Қалалық агломерациялар аумақтық ұйымдастырудың негізгі элементінің бірі бола отырып, 2050 жылға дейін дамушы елдерде жылдам дамиды болады. Қала халқының қарқынды өсуі, көші-қон жүйесінің күшеюі және халықтың едәуір бөлігі мен негізгі қорлардың осы аумақтарда шоғырлануы, қалалық агломерацияларға қойылатын талаптарды арттырады. Қалалық агломерациялардың инновациялық дамуының негізін жоғары технологиялар және халықтың өмір сүру сапасын арттыратын тиімді инновациялық қызметтер жүйесі құрайды.

Қалалық агломерациялардың дамуы қазіргі таңдағы жоғары урбандалу деңгейінің ұлғаюымен, әлемдік процессте заманауи қоныстанудың объективті түрде басты назарда болуымен сипатталады. Ірі қалаларда ірі өндірістік қуаттар, дамыған заманауи инфрақұрылым, кең көлік желісі және жоғары білікті мамандардың шоғырлануы олардың аумағында ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуеттің дамуында өзекті болып табылады.

Дамыған елдер тәжірибесі көрсетіп отырғандай қалалық агломерацияларда қаржы ресурстары мен білікті кадрлық әлеует, ғылымды қажетсінетін өнім өндірісі шоғырланған, бұл жаңа технологиялар негізінде тұрақты экономикалық өсуге және инновациялық дамуға әсер етеді. Қазіргі таңда агломерациялар жоғары қарқында дамуда. Агломерацияларды қалыптастыру өндірісті кеңістіктік шоғырландыру және шаруашылық байланыстарды нығайту нәтижесінде көліктік, транзакциялық және өзге де шығындарды төмендету есебінен агломерациялық әлеуметтік-экономикалық әсер алуға мүмкіндік береді. Олардың негізінде университеттерді, кәсіпкерлік пен мемлекетті біріктіретін инновациялық кластерлерді қалыптастыру үшін алғышарттар жасалады, бұл экономиканың ғылымды қажетсінетін секторын құруға және еңбек өнімділігінің жылына 2-3 %-ға дейін өсуіне ықпал етеді [1].

Қалалық агломерациялардың инновациялық дамуын мемлекеттік басқару және реттеу инновациялық әлеует және де туындаған мәселелерді талдау, стратегиялық даму жоспарын әзірлеу мен іске асыруды қамтиды [2, 10 б.].

Қазақстанның дамуы экономиканың қазіргі заманғы жаһандану жағдайында инновациялық дамуға бағдармен ғана емес, сондай-ақ өңірлер мен қалалық агломерациялардың инфрақұрылымын жаңғырту мен дамыту жөніндегі ауқымды жобаларды іске асырумен де сипатталады. Осыған байланысты мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесінің тиімділігі қалалық агломерациялардың инфрақұрылымын дамыта отырып, инновацияны сауатты ұйымдастыруы маңызды орын алады.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Инновация теориясы қазіргі экономикалық ілімнің негізі болып отыр. Бұл теория әлеуметтік-экономикалық жүйелерде ғылыми-техникалық білімдердің рөлін негіздейді. Инновация теориясының

негізін қалаушы Й. Шумпетер, инновацияны XX ғ. басында ұзақ мерзімді экономикалық өсуді техникалық жаңалықтармен байланыстыруынан бастау алды. Экономикалық даму теориясы еңбегінде ”инновация“ термині алғаш рет экономикалық категория және ұзақ мерзімде пайда табудағы құрал ретінде баяндалды.

Қазіргі инновация теориясы Й. Шумпетер ережесі негізде ізін жалғаушылар Д. Бернала, Ф. Хайек, Г. Менша және т.б. көптеген авторлар еңбектерінде қолданыс табу үстінде [3].

Қалалық инновациялар урбанизациялық зерттеулер мен экономикалық және кеңістік даму сұрақтарын қамтиды. Осы тұрғыда қалалық агломерациялар инновациясы өндірістік және ғылыми әлеуетпен түсіндіріледі. Қалалық мегаполистердегі инновациялар экономиканың энергетика, транспорт, құрылыс салаларында кеңінен қолданыс табу үстінде. Қалалардың инновациялық қызметін ұйымдастыру және құру үрдісі маңызды. Қалалық дамудың әр саласында инновацияларды және заманауи технологияларды, ғылымды тиімді пайдалану экономиканың көрсеткіштерінің өсуіне негіз болып табылады. Инновацияларды енгізуге ұмтылған қалалардың ”инновациялық төлқұжаты“ – дамудың әлеуеті, инновациялық идеяларды жүзеге асыру әдістері, экономикалық дамудың көрсеткіштерін қамтуынан бастау алады [4].

Зерттеудің эмпирикалық базасын Қазақстан Республикасының статистика комитетінің деректері құрады. Мақалада статистикалық, салыстырмалы талдау, анализдеу әдістері қолданылды. Одан өзге, жұмыс барысында ғылыми абстракция, синтез, сондай-ақ кешенді қарастыру сияқты жалпы ғылыми әдістемелер қолданылды. Бұл, зерттеу әдістемелерін жинақтай келіп, экономикалық талдаудың сенімділігін және тұжырымдамалардың негізділігін қамтамасыз етті.

Талқылаулар және нәтижелер. Қазіргі таңда қалалық агломерацияларды басқарудың жаңа парадигмаларының бірі инновациялық-инвестициялық қызметке халықты тарту, инновациялық әлеуетті көтеру мәселелері болып табылады. Қала халқының инновациялық белсенділік дейгейін дамыту және жекелеген халықтың инновациялық белсенділігі экономиканың тиімді жұмыс жасауының маңызды бір бөлігі. Ноу-хау, инвестиция, патенттер, технологиялық карталар және т.б. инновациялық белсенділік қалалық агломерацияның рейтингін көтереді.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан жаһандық инновациялық индекс рейтингісінің қорытындысы бойынша 129 елдің ішінде 79-шы орынды алып отыр. Жаһандық инновациялық индекс (ГИИ) – бұл инновациялық мүмкіндіктерге негізделген әлем елдері экономикасының рейтингі. 80 көрсеткіш бойынша бағаланады. Төмендегі 1-кестеде Қазақстан Республикасының 2017-2019 жылдар аралығындағы рейтинг деңгейі көрсетілген. Қазақстанның рейтинг интервал деңгейінің сенімділігі 76-80 аралығын құрап отыр.

1-кесте – Қазақстанның жаһандық инновациялық индекстегі (ГИИ) 2017-2019 жылдар аралығындағы рейтинг көрсеткіші

Қазақстан рейтингі	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
Жаһандық инновациялық индекс	78	74	79
Инновациялар	64	55	64
Инновация қорытындылары	93	91	92
Ескерту – [5] әдебиет мәліметтері бойынша құрастырылған			

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 5 көрсеткішке дейін төмендеп 79-шы орынды құрап отыр. Осы индекс қорытындысы бойынша Қазақстанның инновациялық дамуындағы әлсіз көрсеткіштеріне төмендегілер жатады:

2.3.3 Әлемдік ҒЗТҚЖ компаниялар, топ-3, АҚШ доллар, млн – 43 орын

3.3.1 ЖІӨ / энергияны тұтыну көрсеткіші – 109 орын

4.2.3 Венчурлық келісімдер / сатып алу қабілетінің паритеті млрд \$ ЖІӨ – 75 орын

5.2 Инновациялық байланыстар 118 орын

6.1.4 Ғылыми техникалық мақалалар / сатып алу қабілетінің паритеті млрд \$ ЖІӨ – 116 орын

6.2. Бағдарламалық қамтуға шығындар, % ЖІӨ – 120 орын

6.3.1 Интеллектуалды меншіктен түскен пайда, % сауданың көлемінен – 99 орын

6.3.3 Ақпараттық және коммуникациялық қызметтерге экспорт, % сауданың көлемінен – 115 орын

7.2.4 Баспа және басқа құралдар, өндіріс % – 92 орын

7.3.1 Жоғарғы деңгейдегі ортақ домендер (TLD) / th pop. 15–69 114 орын

7.3.4 Мобильді қосымшаларды құру- / сатып алу қабілетінің паритеті млрд \$ ЖІӨ – 90 орын [5].

Жаһандық инновациялық индекс (ГИИ) рейтингі қорытындысы бойынша Қазақстанда өндірілетін инновациялық өнімдер көлемі инновациялық инвестицияларға қарағанда әлдеқайда төмендегін көрсетіп отыр. Төмендегі 2-кестеде Қазақстан Республикасы бойынша өндірілген инновациялық өнімдердің 2016-2018 жылдардағы көлемі (млн. тг.) және кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейінің (%) динамикасын көруге болады.

2-кесте – 2016-2018 жылдардағы Қазақстан Республикасы бойынша өндірілген инновациялық өнімдер көлемі, кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі

Аймақтар	Инновациялық өнімдердің көлемі (млн.тг.)			Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі, %		
	2016	2017	2018	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	445 775,7	844 734,9	1 179 150,2	9,3	9,6	10,6
Ақмола	21 036,2	15 721,9	25 644,6	7,0	7,5	7,7
Ақтөбе	16 660,2	39 442,0	44 299,9	9,3	10,1	10,6
Алматы	12 630,0	12 624,2	18 351,2	7,8	8,1	8,3
Атырау	7 419,4	5 768,0	8 819,8	8,5	8,0	8,3
Батыс Қазақстан	3 407,1	18 122,1	23 398,7	3,6	5,3	5,3
Жамбыл	34 104,1	50 854,7	66 782,3	10,8	11,3	11,4
Қарағанды	31 327,2	32 048,0	54 778,0	10,6	11,1	14,7
Қостанай	45 095,9	91 502,6	124 014,9	11,2	11,3	12,1
Қызылорда	6 295,2	5 505,8	6 401,7	11,2	11,4	12,2
Маңғыстау	506,4	294,9	651,0	4,1	3,5	4,0
Павлодар	9 520,0	177 881,5	250 032,0	6,5	8,7	9,1
Солтүстік Қазақстан	11 312,8	13 804,9	9 396,5	11,3	11,2	11,7
Түркістан	14 727,1	13 140,0	13 375,7	6,6	5,3	6,5
Шығыс Қазақстан	54 299,5	80 472,0	174 068,8	14,9	15,1	15,5
Нұр-Сұлтан қаласы	120 559,3	149 277,5	112 146,2	13,6	14,4	14,7
Алматы қаласы	17 186,3	26 183,3	30 228,4	7,6	7,7	9,6
Шымкент қаласы	39 689,0	112 091,6	216 760,7	6,6	7,2	7,4

Ескерту – [6, 7] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы кестеден байқап отырғанымыздай ғылыми-техникалық, қаржы, еңбек ресурстары және оларды пайдалану мүмкіндіктеріне байланысты Қазақстандағы қалалық агломерциялардың инновациялық белсенділік деңгейі 3 жылда әр түрлі көрсеткішті көрсетіп отыр.

Кесте бойынша, еліміздегі аймақтардың инновациялық белсенділіктерін 3 деңгейге бөліп қарауға болады:

1. Жоғары деңгей: Шығыс Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл облысы;

2. Орта деңгей: Ақтөбе, Алматы, Павлодар, Атырау, Ақмола қалалары;

3. Төменгі деңгей: Батыс Қазақстан, Түркістан, Маңғыстау қалалары жатады.

Қазақстанның орталық және шығыс бөлігіндегі қалалардың инновациялық даму көрсеткіштері басқа қалалармен салыстармалы жоғары үлесті көрсетуі өндірістік тұрғыдан дамыған аймақтар болуынан, себебі бұл қалаларда ауыр өнеркәсіп (көмір, қара және түсті металлургия) және электро-энергия инфрақұрылымының тиімді дамуымен тығыз байланысты. Оңтүстік аймақтағы қалалардың инновациялық төмен көрсеткіште дамуы әлсіз ресурстық базамен және ірі өндірістік кәсіпорындардың аз үлесінің болуымен сипатталады.

Қалалық функциялардың субъективті әл-ауқатқа (Subjective Well-Being) әсері. Урбанизация және субъективті әл-ауқат арасындағы байланысты инновациялық тәсіл арқылы талдауда қаланың өлшемі,

өңірдің рангы, нәтижесінде экономиканың агломерация шарттарын әр түрлі қалада пайда болатын экономиканы / экономиканы нақты түсіндіруді қажет етеді [8].

Қазақстандағы қалалық агломерациялардың инновациялық дамуында туындап отырған мәселелер келесідей:

- алдыңғы қатарлы технологиялар трансфертінің жеткіліксіздігі;
- басқарудың ескі жүйесі;
- ескі және дәстүрлі технологиялардың көптеп қолданылуы;
- инновацияны ендірудің жоғары құны;
- кәсіпорындардың инновациялық әлеуетінің төмендігі;
- кәсіпорындардағы қаржы ресурстарының жеткіліксіздігі;
- кәсіпорындардың жаңа технологиялық нарыққа шығудағы төмен белсенділігі;
- ұзақ мерзімді қаржыландыруларды (несие) алудың қиындығы;
- кәсіпорындардың меншікті қаражаттарының жеткіліксіздігі;
- білікті кадрлардың жетіспеуі;
- жаңа технологияларға жұмсалатын инвестициялардың төмендігі және ірі корпорациялардың инновацияларды ендірудегі төмен көрсеткіші [9].

Қалалық агломерациялардың инновациялық дамуының негізгі көрсеткіштері келесідей:

1. Инновациялық әлеует:

- ғылым құрылымы
- кадрлық әлеует;
- техникалық құрылым;
- қаржылық құрылым;
- интеллектуалды меншік;
- маркетингтік құрылым;
- ақпараттық құрылым;
- байланыс құрылымы.

2. Инновациялық белсенділік:

- шығындық көрсеткіштер;
- инновациялық үдерістердің даму динамикасы;
- жаңарту көрсеткіштері;
- құрылымдық көрсеткіштер.

3. Даму тиімділігі:

- әлеуметтік;
- экономикалық;
- экологиялық [10].

Бұл көрсеткіштер инновацияларды мемлекеттік реттеудің қағидалары мен қызметтерін анықтауға инновациялық дамуды стратегиялық басқаруға негіз болып табылады.

Қалалық агломерациялардың инновациялық дамуын мемлекеттік реттеудегі тиімді құрал аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын кешенді мемлекеттік реттеу және инновациялық даму мониторингін жүргізу болып табылады. Инвестициялық ресурстар тиімді бағыттарға бөлінуіне орай, қалалық агломерациялардың инновациялық қызығушылықтары шаруашылық құрылымға, салалық даму басымдылығына негізделеді.

Әлемдік тәжірибе бойынша инновациялық дамуды мемлекетті реттеу мезоденгейде тиімді іске асыралады, мезоденгейге елдің аймақтары, қалалар, агломерациялар, кластерлер жатады. Бұл елдегі қаржылық ресурстардың қол жетімділігімен іске асады. Төмендегі 3-кестеде көрсетілген.

Қалалық агломерациялардың инновациялық дамуы келесідей тиімділіктерді береді:

- экономикадағы бәсекелестік деңгейінің жоғарылауы және тұрақты дамуды қамтамасыз етеді;
- ішкі көші-қонды реттеуге мүмкіндік береді;
- әлемдік нарыққа шығу;
- қала инфрақұрылымы дамуын бақылау.

3-кесте – Инновациялық дамуды мемлекетті реттеу деңгейлері

Инновациялық дамуды мемлекеттік реттеу деңгейлері		
макродеңгейде	мезодеңгейде	микродеңгейде
Тұтастай мемлекет→	Аймақтар-кластар→	Жекелеген кәсіпорын
Ескерту – [11] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған		

Инновациялық агломерация - бұл қала инфрақұрылымын дамытуда ғылыми, техникалық, жобалау-шығармашылық жаңалықтарын енгізу арқылы әлеуметтік- экономикалық тиімділікті қамтамасыз етуге, қала халқының өмір сүру деңгейін дамытуға арналған аймақтық жүйе.

ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қорыта келе, мемлекеттік және жергілікті басқару көзқарасы тұрғысынан алғанда қалалық агломерация деп, агломерация құрылымдарының бірлесіп дамуы түсіндіріледі.

Мемлекет тарапынан қалалық агломерацияларда инновациялық саясатты жүзеге асырудағы басым бағыттар:

- стратегиялық,
- заңдық,
- салықтық реттеу,
- қалалық агломерация дамуына қажетті жағдайды қалыптастыру,
- инновациялық өнімді сыртқы нарыққа шығару.

Жергілікті басқару органдары деңгейінде инновацияны дамыту жергілікті және аймақтардың өзара байланысы, мемлекет пен бизнес, ғылыми-білім құрылымдарының инновациялық дамуы мен жоспарын тұжырымдап отыруы тиіс.

Қалалық агломерацияларды инновациялық дамытуда ғылым – инновация – қалалық объектілер үш негізгі салалардың өзара байланысын қалыптастыру маңызды рөл атқарады.

Қалалық агломерациялардың инновациялық дамуын қамтитын 3 негізгі жүйелер:

1. Ғылым – қалалық жүйені ғылыми тәсіл негізінде ғылыми дамыту. Ғылыми идеяларды іске асыру, ғылымды қаржыландыру.

2. Инновациялар – жаңа технологиялар қалалық агломерацияларды жаңа деңгейге көтеруі.

3. Қалалық объектілер – әрбір қаланың құраушы құрамдас бөліктері.

Қалалық объектілердің өзара байланысы негізінде инновациялық жүйе ретінде инновациялық кластердің құрылып дамуына мүмкіндік жасалады. Қалалық агломерациялардың кластерлеу – инновацияға негізделген жаңғырту үдерісі болып табылады. Құрылымдық тұрғыда техникалық, институционалдық, ұйымдастыру-құрылымдық, технологияларды қамтиды.

Көпетеген ғалымдардың зерттеулері бойынша шығармашылық (креативті) салалар кластерлер құруға бейім екендігін анықтады, олар сектораралық кешендерді бірігіп дамытады. Макроэкономикалық тұрғыдан алғанда кластерлер «өсу нүктелері» болып табылады және қалалық агломерациялардың әлеуетін толығымен іске асыруға мүмкіндік береді [12].

Қалалық агломерациялар базасында ұйымдастырылған және дамыған кластерлер инновациялық даму әлеуетін және инновациялық белсенділік деңгейін көтереді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей кластерлерді құру – шығынды үрдіс, бұл тұрғысынан шығынның көп бөлігін мемлекет тарапынан қаржыландыру арқылы өзіне алу арқылы құрады.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің жетекші факторы жаңа экономикалық географияның қазіргі заманғы саясаты болып табылады. Ол мемлекеттің ұлттық инновациялық жүйенің тиімділігін арттыруда стратегиялық мақсаттарды қамтамасыз етеді және аймақтардағы экономиканың инновациялық түрін қамтамасыз етудің мемлекеттік тетігі болып табылады.

Технологиялық тұрғыдан дамыған елдердегі саясаттың негізгі бағыттары:

- Ұлттық инновациялық жүйенің барлық деңгейлерінде сыртқы және ішкі жүйелеріндегі ынтымақтастық жүйесін қолдау;

- Бәсекелестікті қолдау және интеллектуалды меншікті қорғау жүйесін жетілдіру,

- Мемлекет, аймақтық органдар мен бизнес серіктестерін қоса алғанда, инновациялық экономика институттарын нығайту.

Елдің және оның аймақтарының, қалалық агломерациялардың әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ және орта мерзімді мақсаттарын айқындауда инновацияларды мемлекеттік реттеу жүйесі маңызды орын алып отыр.

Қалалық агломерацияларда инновациялық салаларды дамытудың негізгі міндеттері: қосылған құнның жоғары үлесті өндірістерін ұлғайту және бәсекеге қабілетті экспорттық мүмкіндіктер, жоғары технологиялық өнімдер нарығын ұлғайту және нақты ғылыми-техникалық бағытта көшбасшылыққа қол жеткізу. Адами капиталды дамыту, интеллектуалды меншікті капиталдандыру және адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту [13].

Қалалық агломерациялардың әлеуеті – мемлекеттік және аймақтық мақсаттарға жетуде инновациялық технологиялық дамудың мүмкіндіктерін пайдаланумен байланысты. Аймақтарды сауатты басқару негізінде, оң қалалық агломерациялық эффекттеге қол жеткізуге болады, халықтың өмір сүру деңгейі сапасын көтеруді қамтамасыз ету, бизнесті дамытудың қолайлы ортасын қалыптастыру аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін көтеріп ғана қоймай инновациялық дамуына жағдай жасайды [14].

Қалалық агломерацияларды инновациялық басқаруда ақылды урбанизация (Smart urbanization) кеңінен және танымал түрде қалалардың болашағы үшін қолданыс табуда. Ақылды басқару (Smart planning) тұрақты даму принципіне негізделген жоспарлау стратегияларын және инновациялық, коммуналдық қызметтерді оңтайландыруға негізделеді. Бұл қалалық агломерацияларды дәстүрлі жоспарлап басқару жүйесін өзгертеді. Қаланың инфрақұрылымын қоғамның адами, интеллектуалды және әлеуметтік капиталдармен және қоршаған ортамен байланыстырады. Ақылды басқару урбанизациялық процесске ғылыми тәсілді қосу арқылы жүйелі түрде жоспарлау қызметтерінен тұрады, қалалық агломерацияларды инновациялық дамыту тұрғысынан [15].

Инновациялық инфрақұрылымы дамыған инновациялық белсенді қалалар ғылыми-технологиялық бизнестің, ғылымның, білім салаларында инновациялық орталықтардың рөлін атқарады. Бұл Қазақстан Республикасында қарқынды инновациялық өсудің қуатты орталықтарының желісін құруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. 2012 жылғы 14 қаңтардағы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012. – Б.2

2. Меркулов В. В., Шемякина Т. Ю. Управление инновационным развитием городских территорий // Управление. – 2018. – № 2 (20). – С.10-13

3. Шумпетер Й. Теория экономического развития. – М., 2007. – 864 с.

4. Лободанова Д. Л. Комфортность среды как фактор инновационного развития города. – М., 2013. – 180 с.

5. Soumitra D., Bruno L., Sacha W.V. Global innovation index 2019 // Доклад о Глобальном инновационном индексе (ГИИ) за 2019 г. [Электронды ресурс]. – URL: https://www.wipo.int/global_innovation_index/ru/2019/ (қарау уақыты: 23.01.2020).

6. Инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі (2016-2018) // Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті ресми сайты [Электронды ресурс]. – URL: <http://stat.gov.kz/> (қарау уақыты: 23.01.2020).

7. Өндірілген инновациялық өнім көлемі. (2016-2018) // Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті ресми сайты [Электронды ресурс]. – URL: <http://stat.gov.kz/> (қарау уақыты: 23.01.2020).

8. Lenzi C., Perucca G. Urbanization and Subjective Well-Being // Regeneration of the Built Environment from a Circular Economy Perspective. *Research for Development*. – 2020. – P. 21–28. – DOI: 10.1007/978-3-030-33256-3
9. Нурланова Н. К. Сценарии инновационного развития регионов Казахстана и оценка возможностей их реализации // *Проблемы развития территории*. – 2014. – № 4 (72) – С. 91.
10. Кашин А. В., Кравец А. В. Агломерационные процессы и перспективы инновационного развития экономики региона (на примере Новосибирской области) // *Креативная экономика*. – 2017. – Том 11. – № 3. – С. 403
11. Pradel-Miquel M. Making polycentrism: Governance innovation in small and medium-sized cities in the West Midlands and Barcelona metropolitan regions // *Environment and Planning C: Government and Policy*. – 2015. – Vol. 33. – № 6. – P. 1753–1768.
12. Petrenko Y., Vechkinzova E., Togaibayeva L. Development of creative clusters of a policultural region: challenges for governance // *Journal of Security and Sustainability Issues*. – 2019. – Vol. 9. – № 2. – P. 447–456. Doi: 10.9770/jssi.2019.9.2(7).
13. Gurieva L, K. New Economic Geography as the Theoretical Platform of Region Innovative Development // *Mediterranean Journal of Social Sciences*. – Rome-Italy: MCSER Publishing, 2015. – Vol. 6. – № 3 (S 5) – P. 19–26. – Doi:10.5901/mjss.2015.v6n3s5p19.
14. Яроцкая Е. В. К вопросу о критериях идентификации городской агломерации в условиях инновационного развития регионов // *Вестник науки Сибири*. – 2012. – № 5 (6). – С. 185–189.
15. Panuccio P. Smart Planning: From City to Territorial System // *Sustainability*. – 2019. – № 11 (24). P. 1–15. Doi:10.3390/sul1247184.

REFERENCES

1. «Kazakstan-2050» Strategiasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty. (2012) 2012 zhylygy 14 kantardagy KR Prezidenti N. A. Nazarbaevtyн Kazakstan halkyna Zholdaуy” (2012), Egemen Kazakstan, P. 2 (in Kazakh).
2. Merkulov, V. V. and Shemyakina, T. Yu. (2018), “Upravlenie innovacionnym razvitiem gorodskih territorij”, *Upravlenie*, No. 2 (20), pp.10–13 (in Russian).
3. Shumpeter, J. (2007), “Teoriya ekonomicheskogo razvitiya”, Moscow, 864 p. (in Russian).
4. Lobodanova, D. L. (2013), “Komfortnost' sredi kak faktor innovacionnogo razvitiya goroda”, Moscow, 180 p. (in Russian).
5. Soumitra, D., Bruno, L. and Sacha, W.V. “Global innovation index 2019”, *Doklad o Global'nom innovacionnom indekse (GII) za 2019 g.*, available at: https://www.wipo.int/global_innovation_index/ru/2019/ (accessed: January 23, 2020).
6. “Innovacionyn barlyk turleri boyinsha kasiporyndardyn innovacialyk belsendilik dengei (2016-2018)”, *Kazakstan Respublikasynyn Ultyk ekonomika ministrlygi Statistika komiteti resmi saity*, available at: <http://stat.gov.kz/> (accessed: January 23, 2020) (in Kazakh).
7. “Ondirilgen innovacialyk onim kolemi (2016-2018)”, *Kazakstan Respublikasynyn Ultyk ekonomika ministrlygi Statistika komiteti resmi saity* available at: <http://stat.gov.kz/> (accessed: January 23, 2020) (in Kazakh).
8. Lenzi, C. and Perucca, G. (2020), “Urbanization and Subjective Well-Being”, *Regeneration of the Built Environment from a Circular Economy Perspective. Research for Development*, pp. 21–28, doi: 10.1007/978-3-030-33256-3.
9. Nurlanova, N. K. (2014), “Сценарии инновационного развития регионов Казахстана и оценка возможностей их реализации”, *Проблемы развития территории*, No. 4 (72), p. 91 (in Russian).
10. Kashin, A. V. and Kravec, A. V. (2017), “Агломерационные процессы и перспективы инновационного развития экономики региона (на примере Новосибирской области)”, *Креативная экономика*, Part 11, No. 3, p. 403 (in Russian).

11. Pradel-Miquel, M. (2015), “Making polycentrism: Governance innovation in small and medium-sized cities in the West Midlands and Barcelona metropolitan regions”, *Environment and Planning C: Government and Policy*, Vol. 33, No. 6, pp. 1753–1768.

12. Petrenko, Y., Vechkinzova, E. and Togaibayeva, L. (2019), “Development of creative clusters of a policultural region: challenges for governance”, *Journal of Security and Sustainability Issues*, Vol. 9, No. 2, pp. 447–456, Doi: 10.9770/jssi.2019.9.2(7).

13. Gurieva, L. K. (2015), “New Economic Geography as the Theoretical Platform of Region Innovative Development”, *Mediterranean Journal of Social Sciences*, Rome-Italy: MCSER Publishing, Vol. 6, No. 3 (S 5), pp. 19–26, Doi:10.5901/mjss.2015.v6n3s5p19.

14. Yarockaya, E. V. (2012), “K voprosu o kriteriyah identifikacii gorodskoj aglomeracii v usloviyah innovacionnogo razvitiya regionov”, *Vestnik nauki Sibiri*, No. 5 (6), pp.185–189 (in Russian).

15. Panuccio, P. (2019), “Smart Planning: From City to Territorial System”, *Sustainability*, No.11 (24), pp. 1–15, Doi:10.3390/su11247184.

SUMMARY

In the article, the authors considered the pace of innovative development and the levels of state regulation of urban agglomerations in Kazakhstan.

It was revealed that in urban agglomerations they play an important role in establishing the relationship between the three key areas of science - innovation - urban objects. Also suggested that clusters organized and created on the basis of urban agglomerations increase the potential for innovative development and the level of innovative activity.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада авторлар Қазақстандағы қалалық агломерациялардың инновациялық даму қарқыны, мемлекеттік реттеу деңгейлерін қарастырады.

Қалалық агломерацияларды инновациялық дамытуда ғылым – инновация – қалалық объектілер үш негізгі салалардың өзара байланысын қалыптастыру маңызды рөл атқаратындығы анықталды. Сондай-ақ, қалалық агломерациялар базасында ұйымдастырылған және дамыған кластерлер инновациялық даму әлеуетін және инновациялық белсенділік деңгейін көтеріндігі ұсынылды.

РЕЗЮМЕ

В статье авторами были рассмотрены темпы инновационного развития и уровни государственного регулирования городских агломераций в Казахстане.

Выявлено, что в городских агломерациях играют важную роль в установлении взаимосвязи трех ключевых областей наука - инновации – городские объекты. Также, авторами предложено, чтобы кластеры, организованные и созданные на основе городских агломераций, повышали потенциал инновационного развития и уровень инновационной активности.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Ғалымқызы Гүлмира – докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан. e-mail: gumka__1993@mail.ru

Аширбекова Лаура Жалгасовна – кандидат экономических наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан. e-mail: turar200480@mail.ru

МРПТИ 82.13; 06.52.17

JEL Classification: O12

EFFECTIVENESS OF TERRITORIAL DEVELOPMENT PROGRAMS AND QUALITY OF POPULATION LIFE

G. O. Spabekov

Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan,
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the study is to analyze the implementation of the directions and principles of the development program «Almaty – 2020» and the impact on satisfaction of life of the local population with the quality.

Methodology – the methodological basis of the article is the study of official information from open sources of state and other bodies, the current legislation of the Republic of Kazakhstan, scientific articles and the experience of foreign countries.

Originality / value of the research – the management mechanisms implemented in the state planning system are mainly aimed at the regional level. The quality of public services provided by the state determines the satisfaction of the population with the quality of life. At the same time, the developed methods of interaction should not have a vertical form of management, since they are aimed at the satisfaction of residents, not local officials.

Findings – as a result of the identified «bottlenecks», there is a need to develop a proposal to revise the evaluation criteria and methods for developing territorial development programs, taking into account foreign experience, aimed at satisfying the local population with living conditions.

Keywords: territory development, target indicators, social and economic development, regions, quality of life.

АУМАҚТЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ

Ғ. О. Спабеков

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – «Алматы – 2020» даму бағдарламасының бағыттары мен қағидаттарының іске асырылуын және оның жергілікті халықтың өмір сүру сапасына қанағаттанудың әсерін талдау.

Әдіснамасы – мақаланың әдіснамалық негізі мемлекеттік және басқа органдардың ашық көздерінен алынған ресми ақпараты, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, ғылыми мақалаларды және шет елдердің тәжірибелерін зерттеу болып табылады.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы – мемлекеттік жоспарлау жүйесіне енгізіліп жатқан басқару тетіктері негізінен аймақтық деңгейге, мемлекет тарапынан атқарылып жатқан қызметтер адам өмірінің сапасының артуына бағытталған. Сондықтан қолданысқа енгізілетін қарым-қатынас әдістері тік формада болмауы керек. Өйткені олар жергілікті шенеуніктер ыңғайы үшін емес, халықтың өмір сүру сапасына қанағаттануына бағытталған.

Зерттеу нәтижелері – анықталған «тар жерлер» нәтижесінде, жергілікті халықтың өмір сүру жағдайларының қанағаттануына бағытталған шетелдік тәжірибені қарай отырып, аумақтық даму бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі мен бағалау өлшемдерін қайта қарау негізінде ұсыныстар дайындау қажеттілігі туындайды.

Түйін сөздер: аумақтық даму, демографиялық көрсеткіштер, әлеуметтік-экономикалық даму, аймақ, өмір сапасы.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ТЕРРИТОРИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ РАЗВИТИЯ И КАЧЕСТВО ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ

Г. О. Спабеков

Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан,
Нур-Султан, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – проведение анализа реализации направлений и принципов программы развития «Алматы – 2020» и влияние ее на удовлетворенность качеством жизни местного населения.

Методология – методологической основой статьи являются изучение официальной информации с открытых источников государственных и иных органов, действующего законодательства Республики Казахстан, научных статей и опыта зарубежных стран.

Оригинальность/ценность исследования – внедряемые в системе государственного планирования механизмы управления в основном направлены на региональный уровень, а качество предоставляемых услуг, оказываемых государством, на удовлетворенность населения качеством жизни. При этом разрабатываемые методы взаимодействия не должны иметь вертикальную форму управления, так как они нацелены на удовлетворенность жителей, а не местных чиновников.

Результаты исследования – в результате выявленных «узких мест» возникает необходимость выработки предложения по пересмотру критериев оценки и методики разработки территориальных программ развития с учетом рассмотрения зарубежного опыта, направленного на удовлетворенность местного населения условиями проживания.

Ключевые слова: развитие территории, целевые индикаторы, социально-экономическое развитие, регионы, качество жизни.

ВВЕДЕНИЕ

Республика Казахстан определила для себя цель войти к 2050 г. в число 30-и наиболее развитых стран мира. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года (*далее – Стратегический план*) является одним из программных документов в данном направлении [1].

Несмотря на постепенное совершенствование системы государственного управления, со стороны экспертов и общества растет запрос на результативность самого Стратегического документа и его реализации. К данной работе также подключилась Партия «Nur Otan» и совместно с Администрацией Президента Республики Казахстан был создан специальный Центр, который должен дать оценку государственным программам и реформам по итогам их реализации.

В соответствии с нормативными требованиями бюджетного законодательства продолжается практика открытых бюджетных процедур и обеспечение прозрачности решений, связанных с государственным бюджетом [2]. Открыто публикуются бюджеты образовательных и медицинских учреждений, бюджеты центральных и местных исполнительных органов. С момента внедрения принципа открытого бюджета государственных органов гражданское общество активно участвует в обсуждении и выражает мнения на электронном портале «Открытые бюджеты».

С принятием закона Республики Казахстан «Об общественных советах» определен порядок обсуждения бюджетов с Общественными советами на различных уровнях. Теперь проекты бюджетов местных исполнительных органов должны быть рассмотрены на заседаниях общественных советов до обсуждения их соответствующими представительными органами. Все поступившие предложения от общественных советов подлежат обязательному рассмотрению и в случае невозможности их удовлетворения должны быть предоставлены мотивированные ответы [3].

Для повышения результативности государственных органов в реализации стратегических целей, эффективного использования бюджетных средств и совершенствования практики государственного планирования, уполномоченным органом – Министерством национальной экономики РК ежегодно проводится оценка деятельности местных исполнительных органов.

Результаты оценки направлены для дальнейшего эффективного исполнения стратегических документов, а также эффективной реализации государственных и программных документов развития территорий.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ ИССЛЕДОВАНИЯ

В целях ежегодной оценки эффективности деятельности центральных государственных и местных исполнительных органов областей, городов республиканского значения и столицы была разработана соответствующая методика оценки эффективности достижения целей. В ходе исследования результатов достижения территориальных программ развития и соответствие ее целям и задачам стратегических программ ниже приведен анализ по городу Алматы, выбор на который пал как на крупнейший экономически и инвестиционно привлекательный города Казахстана.

Алматы – город республиканского значения, самый крупный населённый пункт и бывшая столица Казахстана. По данным на 1 января 2019 года город населяет — 1 854 556 человек и является агломерацией около 2,5 млн. чел. [4]. Алматы по достоинству носит имя культурного, научного и финансового центра страны с развитой инфраструктурой. Алматы обеспечивает около 21 % ВВП страны и более 30 % налоговых и неналоговых поступлений. ВРП на душу населения составляет 29 тыс. долларов США [5].

Программа развития «Алматы – 2020» была утверждена 10.12.2015 г. за № 394 решением XLVII - й сессии маслихата города Алматы (с изменениями и дополнениями от 24.05.2017 г. № 118, XVI-й сессией). Анализом экономического положения г. Алматы, состояния инфраструктуры, социальной сферы, безопасности, общественной ситуации, экологической обстановки и сферы государственных услуг, были определены целевые индикаторы для достижения к 2020 г. 7 (семь) приоритетных направлений и ключевых принципов программы [6]. Далее приведено заключение исследования анализа по определенным критериям. Каждый показатель программы разработан с учетом влияния на удовлетворенность качеством жизни местного населения [7].

1. Направление «Комфортный город». Показатель качества автотранспортных дорог города по индикатору «Доля автомобильных дорог местного значения, находящихся в хорошем и удовлетворительном состоянии» указан как выполненный на 100 %. В критерии оценки вошли лишь такие вопросы как: строительство и ввод в эксплуатацию автодорог, реконструкция моста, текущий, средний и капитальный ремонт дорог.

Однако, целесообразно также градировать автодороги по их покрытиям и протяженности (твердым, гравийным, проселочная) с установлением соответствующих целевых индикаторов. Проблема качества дорог или их отсутствия делает жизнь местного населения не комфортной и часто становится причиной недовольства жителей окраин города. Появляющаяся в рубрике новостных передач средств массовой информации и коммуникации негативная информация часто становится предметом обсуждения всех слоев общества.

Также следует учесть расположение в черте города множества промышленных объектов и сосредоточенность большого количества автотранспортных средств в одном населенном пункте, которые влияют на экологическое состояние города. Поэтому следует предусмотреть целевые индикаторы, на-

правленные на улучшение экологической обстановки города, достижение которых благоприятно повлияет на здоровье местного населения и пребывание гостей.

2. Направление «Общественная безопасность и правопорядок». Удельный вес преступлений, совершенных ранее совершавшими при плане 18,1 %, фактические показатели составили рост или 25,1% (+7 %). Ранее привлекавшимися к уголовной ответственности было совершено всего 3658 преступлений различных категории тяжести (2018 г. – 1695). Из всех преступлений, 2610 средней тяжести, 734 небольшой, 291 тяжких и 23 особо тяжких преступлений. Из 3658 совершавших преступления лица, ранее совершили 743 преступления, 711 лиц являются приезжими из других областей Казахстана и 23 лица без определенного места жительства.

Зарегистрирован рост подростковой преступности на 10,1 % с 217 до 239 преступлений. Удельный вес преступлений, совершенных несовершеннолетними при плановом показателе 1,5 %, фактический составил 1,6 % (+0,1 % от плана). Прибывающие иногородние подростки без сопровождения взрослых и бесконтрольность указаны как главная причина роста преступности. Однако, подростки прибывали в мегаполис и в предшествующие годы и правильнее было бы указать истинную причину – слабая профилактическая работа с несовершеннолетними или полное ее отсутствие, что подтверждается характером многократно совершенных преступлений. От общего числа преступлений 110, несовершеннолетними повторно совершено 34, что в среднем один подросток совершил по 3 преступления.

3. Направление «Социально-ориентированный город». По индикатору «Охват детей дошкольным воспитанием и обучение» были достигнуты положительные показатели с введением в эксплуатацию 3 государственных детских садов на 730 мест и открытием предпринимательской средой 170 частных детских садов на 4936 новых мест. Однако детским дошкольным образованием охвачены не все дети и показатель был достигнут только в плановом значении.

4. Направление «Экономически устойчивый город». Объем валового регионального производства (далее – ВРП) г. Алматы составил 7,53 млрд. тенге. По сравнению с прошлым периодом он вырос на 2,6 %. Среди всех регионов республики г. Алматы занимает наибольшую долю – 18,9 %. Индекс физического объема выпуска продукции обрабатывающей промышленности составил 104,8 % или в сумме 666,9 млрд. тенге. Доля действующих субъектов малого и среднего предпринимательства от общего объема составил 64,2 %, при плане 63,0 %. Количество действующих субъектов малого и среднего бизнеса составляет 174 509 ед. (2017 год 169 985 ед.). По данному показателю г. Алматы занимает 14 % долю в республике и занимает лидирующую позицию среди других регионов.

5. Направление «Город для бизнеса и частного капитала». Инвестиционные показатели по городу продемонстрировали положительные результаты по основным секторам:

1. «Инвестиций в основной капитал не сырьевого сектора» – 138,6 % (план 107 %);
2. «Темп роста инвестиций в основной капитал на душу населения» – 114,3 % (план 101,5 %);
3. «Доля внешних инвестиций в общем объеме инвестиций в основной капитал» – 15,0 % (план 14,0 %);

Заклученные 4 договора о государственно-частном партнерстве позволили индикатору «Увеличение количества проектов ГЧП, получивших положительные заключения по разработанной документации и объявление конкурса по ним» достичь 100 % планового значения. Приватизированные 3 объекта коммунальной собственности способствовали 100 %-му достижению целевых индикаторов.

Результаты проведенного в рамках социологического исследования «Мониторинг общественно-политической ситуации в городе Алматы», опросы 1500 респондентов дали результат роста на 15,1 % по уровню доверия граждан государственным органам, что позволил достичь целевых индикаторов по сектору радикального снижения коррупции в сфере предпринимательства.

6. Направление «Интегрированный город». Индекс физического объема инвестиций в основной капитал производства продуктов питания составил 154,3 % с ростом на 8,3 млрд. тенге (при плане 127,0 %). В сфере пищевой промышленности функционируют 249 крупных и средних предприятий, с производственной мощностью 1,5 млн. тонн. При этом 39 % от общегородского объема обрабатывающей промышленности (600,5 млрд. тг.) приходится на долю пищевого сектора. Необходимо упомянуть о государственной поддержке в виде субсидий (2018 году республиканский бюджет выделил 2,8 млрд. тенге), которая способствовала достижению данного результата.

На сегодня охват территорий г. Алматы градостроительной документацией составил 66,9 % (при плановом значении 60 %). Разработанная в разные периоды градостроительная документация позволила охватить территорию 46953 Га или 66,9 % от всей площади (70220 га).

7. Направление «Город активных граждан». Программа предусматривала проведение ряда мероприятий, направленных на создание платформ для выстраивания тесных взаимоотношений с гражданами. Создано «Одно окно», исключаящее волокиту с обращениями граждан, налажен и запущен канал прямой связи «Open Almaty.kz» и аккаунты в социальных сетях. Поступили более 84 тыс. обращений, по которым 60 177 обращений или 71 % предоставлены быстрые ответы-консультации, в том числе через колл-центры 59 % (49 594), фронт-офисы 17 % (14 121), порталы 8 % (6 697) и социальные сети 16 % (14 080).

Факторы повлиявшие на ход исследования аналитических материалов. Основными факторами повлиявших на ход исследования Программы развития «Алматы – 2020» явилось отсутствие достаточных статистических и ведомственных данных по отдельным целевым индикаторам, которые не позволили вывести объективные результаты соответствия запланированных показателей приоритетных направлений к ключевым принципам программы. При разработке программы не учитывалось мнение граждан, тем самым отсутствует информация об ожиданиях населения от местных органов самоуправления.

Опыт зарубежных стран при разработке программ развития и оценке эффективности деятельности местных органов самоуправления. На сегодняшний день высококвалифицированные специалисты отличаются высокой мобильностью и требовательностью к условиям местной инфраструктуры. Жители регионов, принимая решение о переезде в другой город, в равной степени связывают это с поиском работы, социальной инфраструктурой, безопасностью и экологической ситуацией в том числе. Таким образом, удовлетворенность жителей условиями проживания в определенном населенном пункте должно являться целью местных исполнительных органов и критериями результативности их работы.

Methodology. In this study, the authors developed and used a methodology for determining the level of human capital and accounting for investment conditions in it. In addition, we used methods for studying various sources of information, synthesis analysis, comparison, and formalization.

Originality / value of the research is that certain issues considered in the framework of the theory of human capital, the rationality of human investment in education, medicine, etc., have a special place in improving the economy of the state.

Findings. It was noted that the well-being and sustainable development of any state depends on the indicators of national human capital, and the trends in the development of the world economy are increasingly strengthened over time. It is proved that the economic return on investment in human resources is significantly higher than the return on investment in the material industry.

Keywords: human capital, investment in human capital, education, human resources.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ БАРЫСЫНДА АДАМ КАПИТАЛЫНА ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰЮ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж. О. Тұмбай¹, М. К. Орынбасаров²

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы

АҢДАТПА

Зерттеудің мақсаты – ретінде мақалада адам капиталының түсінігі, жүйесі, теориясы және де адам капиталына инвестиция құю мәселелері айқындалып қарастырылған. Сонымен қатар, еліміздегі адам капиталының жоғары деңгейде болу керектігінің маңыздылығын көрсету.

Әдіснамасы. Авторлар бұл зерттеуде адам капиталы деңгейін анықтау және оған инвестиция құю жағдайын ескеретін әдістемені әзірлеп, қолданды. Сонымен қатар, әр түрлі ақпарат көздерін зерттеу, синтезді талдау, салыстыру, формализация әдістерін қолданды.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Адам капиталы теориясының арнасында қарастырылатын жекелеген мәселелер «адамды» – білімге, медицинаға және т. б. инвестициялаудың ұтымдылығы мемлекеттің экономикасын көтеруде ерекше орын алуында көрінеді.

Зерттеудің нәтижесінде – кез келген мемлекеттің әл-ауқаты мен тұрақты дамуы ұлттық адами капиталдың көрсеткіштеріне байланысты және әлемдік экономиканың даму үрдістері бұл тәуелділік уақыт өткен сайын ғана нығайып келе жатқаны көрсетілді. Адам ресурстарына инвестициялаудан экономикалық қайтарым материалдық салаға инвестициялардан қайтарымынан айтарлықтай жоғары екендігі дәлелденді.

Түйін сөздер: адам капиталы, адам капиталына инвестиция құю, білім беру, адам ресурстары.

ПРОБЛЕМЫ ИНВЕСТИРОВАНИЯ В ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ В УСЛОВИЯХ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ж. О. Тумбай¹, М. К. Орынбасаров²

^{1,2} Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования заключается в том, что в статье раскрываются понятия, системы, теории человеческого капитала, а также вопросы инвестирования в человеческий капитал. Вместе с тем, подчеркивается важность того, что человеческий капитал в стране должен быть на высоком уровне.

Методология. В этом исследовании авторы разработали и использовали методику определения уровня человеческого капитала и учета условий инвестирования в него. Кроме того, использовали методы изучения различных источников информации, анализа, синтеза, сравнения, формализации.

Оригинальность/ценность исследования заключается в том, что отдельные вопросы, рассматриваемые в русле теории человеческого капитала, рациональность инвестирования человека в образование, медицину и т. д., имеют особое место в повышении экономики государства.

В результате исследования было отмечено, что благосостояние и устойчивое развитие любого государства зависит от показателей национального человеческого капитала, и тенденции развития мировой экономики все более укрепляются с течением времени. Доказано, что экономическая отдача от инвестирования в человеческие ресурсы значительно выше, чем отдача от инвестиций в материальную отрасль.

Ключевые слова: человеческий капитал, инвестиции в человеческий капитал, образование, человеческие ресурсы.

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы әлемдік қауымдастық информатика, есептеуіш техника, радиоэлектроника, байланыс құралдары, космонавтика, атом энергетикасы жетістіктеріне негізделген бесінші технологиялық режимнен базасы үш негізгі бағытты құрайтын алтыншы технологиялық тәртіпке көшіп жатыр: техникалық роботехника, нанотехнологиялар, жаһандық ақпараттық желілер, жоғары жылдамдықты көлік жүйелері, энергияның баламалы көздері, жасанды интеллект жүйелері; медициналық молекулалық биология, гендік инженерия, микрохирургия, биотехнология. Осылардың түпкі мақсаты жаңа үлгідегі адам – «білім адамы» және білімге негіз болатын қоғамды қалыптастыру болып табылады [1]. Нақ осы уақытта, Қазақстан әлемдегі лайықты орынға, әлемдік саясат пен дамыған экономиканың барлық салаларына қатысты ілгері орынға ие болуы үшін инновациялық секіріспен нығайтылуы тиіс.

Мұндай секіруді сапалы адами капиталды пайдаланбай жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл жағдайда адам капиталының проблемаларын ғылыми талдау өте өзекті болып табылады.

«Адам капиталы» ұғымы отандық және Батыс зерттеушілерінде салыстырмалы түрде жақында ғылыми жорыққа берік кірді. Алайда шетелде экономика құрылымында осы фактордың басым рөлін жылдам айқындады, мемлекет пен жеке сектор жүйесіне іс жүзінде жүзеге асырып тез арада енгізді және тиісті ғылыми ізденістер бүгінгі күні Батыс экономикалық ой жүйесінде маңызды орын алады. Бұл проблематиканың айқын өзектілігіне қарамастан, отандық зерттеушілердің адами капитал теориясының дамуына қосқан үлесі аз емес. Соңғы уақытта осы бағыт бойынша көптеген қызықты жұмыстар пайда болды, бірақ олар осы салада бар вакуумды толтырмайды, өйткені адам капиталының проблемалары көп жағдайда басқа проблемаларды қарастыру үшін тар негізде қарастырылады.

Еліміздің барлық ресми стратегияларында, бағдарламаларында, атап айтқанда 2017 жылғы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және басқа да даму құжаттарында адам капиталы бар, бірақ түсіндірусіз, ал оның анықтамасы, әдетте, тар және ескірген тұжырымда беріледі [2].

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Адам капиталының теориясы неоклассикалық экономикалық теория жүйесінде қалыптасады. Экономика саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты Гэри Беккер адам капиталын адамның дағдылары, білімі мен біліктерінің жиынтығы ретінде қарастырды [3]. Басқа американдық зерттеуші, Лестер Туроу адам капиталына оның белгілі бір өнімді өндіру қабілетін көреді. Жеке ғалымдардың еңбектерінде, адам капиталының құрылымында негізгі мазмұн ретінде индивидумның жеке қасиеттері ерекшеленді: коммуникативтік дағдылар, күйзеліске төзімділік, шығармашылық қабілеттер, тайм-менеджмент дағдылары, бейімделу қасиеттері [4]. Мұндай жұмыстарда адами капиталдың сапалық және сандық сипаттамалары тұтастай алғанда қоғамның инновациялық әлеуетімен және атап айтқанда экономиканы жаңғырту қарқынымен қатаң үйлестіріледі.

Ұлттық адами капиталдың жоғары сапалық және сандық сипаттамалары кез келген ауқымды өзгерістер жетістігінің кепілі, экономикалық даму қарқынының факторы болып табылады. Постиндустриалдық кезеңде өсу ресурстарының таусылуына байланысты дамыған елдердің материалдық игіліктерді өндіруден біртіндеп кетуіне байланысты адами капиталдың күрт ревальвациясы орын алады, онда жабдықтар мен технологиялар үстем болып табылмайды, ал алдыңғы жоспарға адами (зияткерлік) капитал шығады. Әлемнің барлық елдерінде барлық өндірушілер ортақ трансұлттық жеткізушіден алынған шикізатты пайдалана отырып, бірдей маркалы бір станоктарда өндіруді жүзеге асырған кезде бірегей ресурс – *ceteris paribus* (*Ceteris paribus* (лат.) – өзге де тең жағдайларда) өндірістің экономикалық тиімділігін қамтамасыз етуге міндетті. Осыған байланысты сапалы жұмыс күшін қалыптастыру мәселелері бұрын қолда бар нақты жұмыс күшін қолдану тиімділігін арттыруға қатысты мәселелер зерттелген кезде экономистердің ғылыми ізденістерінің алдыңғы жоспарына шығады. Осылайша, ХХ ғасырдың 2-жартысында орын алған әлемдік экономиканың ауқымды құрылымдық трансформациясы адами капитал тұжырымдамасының пайда болуы мен дамуының базисі болды деп айтуға болады. Адам капиталы доктринасының негізін қалаушылар ретінде американдық экономистер, «Чикаго мектебі» өкілдері Т. Шульц және Г. Бэкер болып саналады. Аталмыш ғалымдардың еңбектеріне егжей-тегжейлі талдау мен зерттеулер жүргізбей, көтеріліп отырған мәселені әрі қарай дамыту мүмкін емес.

Қазіргі заманауи зерттеушілердің бірі А.Х.Абед Али, әр түрлі мектептер мен бағыттарды жақтаушылар ұсынған адами капиталды түсінігіне сүйене отырып, «адам капиталы» – бұл белгілі бір жеке тұлғаның, адамдар тобының, жалпы қоғамның мәдени дамуы, денсаулық, дағдылар, энергия, инвестиция мен қабілеттерінің жинақталуы, экономикалық өсуге ықпал ететін және олардың иеленушілерінің табыстарының шамасына әсер ететін инвестициялар мен қабілеттерінің жинақталуы нәтижесінде туа біткен және қалыптасқан құндық көрінісі деп пайымдайды [5].

Адам капиталы – адам ресурстарының әлеуметтік-экономикалық, психологиялық және өзге де параметрлерінің кешенін біріктіретін күрделі синтетикалық фактор. Адам капиталының жалпы құрылымы 1-суретте [6] берілген.



1-сурет – Адам капиталының құрылымы
 Ескерту – дерек көзі [6]

Адам капиталы теориясының арнасында қарастырылатын жекелеген мәселелер Адам Смиттің жұмыстарында көрініс тапты. Адам капиталының «Чикаго мектебі» экономистерінің теориялық ұсыныстары «адамды» – білімге, медицинаға және т. б. инвестициялаудың ұтымдылығы туралы тезистің айналасында пайда табу үшін құрылған [6].

Ғалым Дж. Кендрик өз теориясында капиталды екі құраушы бөлікке бөледі. Біріншісі – заттай капитал, екіншісі - заттай емес капитал. Яғни, екінші түріне адамның білімі, дайындығы жатады. Осы теорияға сүйене отырып, білім жүйесіне құйылған қаражаттың дұрыс екеніне көз жеткіземіз [7].

Осыған сәйкес білім беру саласына инвестиция құю, сәйкесінше олардың сапалы жүйелері өз кезегінде аса күрделі жоғары білікті еңбекті жүзеге асыруға қабілетті сапалы адами капиталды құруға, өндірістің жоғары қарқынын сақтауға ықпал ететіндігін байқаймыз.



2-сурет – Жұмыс күшін қалпына келтіруді қаржыландыру көзі
 Ескерту – дерек көзі [5]

Талдаулар мен нәтижелер. Адам капиталына инвестиция жасау кезінде жоғары сапалы адам капиталы күрделі еңбекте өзін іске асыра отырып, уақыт бірлігіне үлкен құн жасайды, ал қарапайым еңбекте

өзін іске асыра отырып, ол қосымша өнімнің көп мөлшерін өндіреді. Құрылған күн және қосымша өнім ұлттық кірісті құруға қатысады. Жұмыс күшін қалпына келтіруді қаржыландыру көзі 2 суретте [6] көрсетілген. Осының негізінде экономикалық өсім пайда болады. Осыған сәйкес, адами капиталдың (бұдан әрі – АК) теріс, пассивті және креативті (инновациялық) ұғымдарын нақты білгеніміз абзал, себебі ол әлем елдерінің ұлттық АК құнының, сапасы мен өнімділігінің үлкен айырмашылықтарын жақсы түсінуге және интерпретациялауға көмектеседі [3].

Теріс ұлттық адами капитал – бұл инновацияны қабылдамауға ықпал ететін, яғни қоғамдық прогреске кедергі келтіретін оң өзгерістердің тежегіші болып табылатын деструктивті фактор. Теріс адами капиталды арттыру қоғам құрылымында қылмыскерлердің, нашақорлардың, маскүнемдердің және басқа да бейәлеуметтік, маргиналдық топтардың үлес салмағының өсуі есебінен жүзеге асырылады. Ұлттық адами капиталдың ерекше қауіптілігі құрамында осы тұлғалар қоғам мен мемлекеттің даму векторларын айқындайтын елдің саяси және экономикалық элитасына осындай элементтердің қатысуынан туындайды, мемлекет үшін өмірлік маңызды институттарды трансформациялауға бағытталған стратегиялық маңызды шешімдер қабылдайды.

Адам капиталының генерациясы–күрделі және шығындық процесс, оның шеңберінде жеке тұлға және қоғам жалпы қарқынмен, қаржылық және өзге де ысыраптарды көтереді. Адами капитал инвестиция арқылы қалыптасады. Инвесторлар ретінде әлеуметтік саясатты жүзеге асыратын мемлекет те, фирма да, адамның өзі де бола алады. Адами капиталға инвестициялар бірқатар ерекшеліктерге ие:

- инвестициялауды жас жастағы адамдарға қатысты жүзеге асыру тиімдірек, оны пайдалану ресурсы (зейнеткерлікке шыққанға дейін) және тиісінше кірістілігі артады;

- адамға инвестиция жасау оның өндірістік сипаттамаларын (еңбек өнімділігі, тиімділігі) арттырады;

- адам капиталына инвестициясының нәтижесі ретінде міндетті түрде экономикалық емес, әлеуметтік әсер болуы мүмкін;

- адам инвестициясы мен оның қайтарымы жағдайындағы пайда материалдық салаға құйылған инвестициядан әлдеқайда көп. Макконелл К. Р. мен Брю С. Л. «Экономикс» еңбегінде адам капиталына (human capital investment) инвестицияларды келесі түрде анықтады – «ол – жұмысшылардың еңбек өнімділігін арттыру үшін қабылданған (олардың біліктілігін арттыру және олардың қабілеттерін дамыту үшін) кез келген шара; жұмысшылардың білімін, денсаулығын жақсартуға немесе жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыруға арналған шығыстар» [8]. Адами капитал тұжырымдамасын дамытудың арқасында мемлекеттік әлеуметтік саясаттың өзгеруі орын алып отыр, онда кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың ауқымды бағдарламаларын қаржыландыру – елдің экономикалық даму тетігінде белсенді әлеуметтік саясаттың жүзеге асырылуын көрсетеді.

Қазақстанда адам капиталына инвестиция құюдың бірден-бір көзі – мемлекет. Сол себепті мемлекеттің адами капиталға инвестициялар құю деген қызығушылығын төменде көрсетсек:

- инновацияларға сапалы аса сезімтал, сонымен қатар ол жаңашылдық пен рационализаторлықты жүзеге асыра отырып, идеялар генераторы ретінде әрекет ете отырып, олардың көзі болуы мүмкін;

- әлдеқайда аз шығынмен сапалы адами капитал қайта құрылады және қайта маманданады, бұл құрылымдық жұмыссыздықтан құтылуға мүмкіндік береді, яғни әр түрлі әлеуметтік-экономикалық күйзелістерге қатысты аса резистентті жоғары сапалы адам капиталы бар мемлекет және олардың салдарын қандай да бір елеулі шығынсыз жоюға қабілетті;

- адамға инвестициялай отырып, мемлекет болашақта шығындарды қысқартады, мысалы, аурулардың алдын алу бойынша ауқымды іс-шараларды жүзеге асыра отырып, ол болашақта өз азаматтарын емдеуге бағытталған айтарлықтай қаржылық шығындардан аулақ болады;

- ұлттық адами капиталдың сапасы жоғары болған сайын, жаңғыртылған адами капитал неғұрлым жоғары сипаттамаларға ие болады. Бұл тұрғыда ұрпақтар сабақтастығы туралы айтуға болады.

Мемлекет үшін білім саласына инвестиция құюдың маңыздылығы зор, себебі оның қайтарымы, экономикалық өсімге әсері тиімді, әрі пайдалы. Тіпті, сонау 70-80 жылдардың өзінде АҚШ-та жоғары білімі бар ерлердің өмір бойы орташа табысы (life-time income) орташа білімі бар ерлердің ұқсас көрсеткішінен шамамен 210 мың долларға асып түскен. Сол 1969 жылы колледжде төрт жыл болудың құны орта есеппен 5,2 мың АҚШ долларына тең болды. Демек, өмір бойы табыстардағы айырмашылық

шамамен 40 есе немесе 205 мың АҚШ долларына дерлік. Жоғары оқу орнындағы оқудың тікелей шығындарынан асып түсті [9]. Сонымен қатар, білім беру адамды анағұрлым өндіруші қызметкерге айналдырады, ол кәсіпкерлік әсерді дамытады, оны неғұрлым шебер ұйымдастырушы етеді. Білім беру технологияның теориялық және практикалық даму деңгейі арасындағы уақытша аятты қысқартады. Жоғары білім деңгейі бар адамдар ғылым мен техникадағы өзгерістерге жылдам жауап беретіні анық, олар өзінің өндірістік және тұтыну қызметінде алғашқы жаңашылдықтарды енгізуде бірінші болатыны сөзсіз.

Еңбек нарығының құрылымында аналитикалық құзыреттілігі, ақпаратты тез қабылдай білу, өңдеу және тарата білу, креативтілік, өз білімі мен дағдыларын өмір бойы дамытуға дайын болу секілді маңызды интеллектуалдық еңбекке ие адамдарының үлесі үнемі өсуде. Сонымен қатар, адам қызметінің барлық салаларына тән инновациялардың үздіксіз процесі индивидтен әлеуметтік-экономикалық органың өзгерістеріне қысқа мерзімде бейімделуді талап етеді [10].

Білім адам капиталын қалыптастыру мен дамытуда негізгі рөл атқаратынын жоғарыда айтқан болатынбыз. Ол экономикалық өсу стратегиясының маңызды элементі болып табылады. Ғалым Г. Беккер адам капиталын қалыптастырудағы білімнің рөлін атай отырып: «экономикалық өсу білім беру жүйесінің кеңеюімен тарихи байланысты болады. Ол бір мезгілде оқыту барысында сатып алынған сапа үшін сыйақы беріп, осы қасиеттерді сатып алуға ақы төлеу үшін жұмсалмайтын қаражат береді» дейді [11].

Білім саласына инвестиция құю мемлекет, кәсіпорын және жеке адам негізінде жүзеге асырылады. Дүниежүзілік банктің 2018 жылғы мәліметтері бойынша, 2001-2014 жылдар аралығында жоғары білімді қаржыландыруға бағытталған Қазақстан Республикасы ұлттық байлығының үлесі салыстырмалы түрде тұрақты болып қалып, жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) 0,4 %-ға жуығын құрады. Қазіргі мәліметтер бойынша, 2013-2014 жж. посткеңестік кеңістік елдерінің арасында Қазақстанда жоғары білім беруге арналған мемлекеттік шығындар Украинаға қарағанда 4,8 есе төмен және Беларусь пен Қырғызстанға қарағанда 2 есе төмен болды. Егер Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдеріндегі жоғары білім беруге жұмсалатын орташа шығыстар ЖІӨ-нің 1,3 %-ын (ЭЫДҰ, 2013) құрайтынын ескерсек, онда Қазақстанда олар 3,3 есе төмен. Осылайша, ЖІӨ-ге пайыздық қатынаста да, бір студентке жұмсалған шығыстар тұрғысынан да Қазақстанда жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік қаржыландыру ЕО және ЭЫДҰ орташа көрсеткіштерімен салыстырғанда төмен болып табылады. Жоғары білім беруге арналған мемлекеттік шығыстар салыстырмалы түрде төмен болғандықтан, Қазақстан Республикасының жоғары білімі едәуір дәрежеде жеке қаржыландыру көздеріне байланысты. Студенттердің шамамен 73 %-ы жеке, сондай-ақ мемлекеттік университеттерге толық құнын төлеу үшін өз отбасыларының ресурстарына сүйенеді. Мемлекеттік қаржыландыру барлық студенттердің 27 % үшін ғана қолжетімді. Сәйкесінше, ЖОО-на қатысты инвестиция құю кезінде көлемі бойынша бірінші кезекте жеке адамдар тобы, кейін мемлекет қаржы бөледі [12].

Соңғы жылдардағы ақпаратқа сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері бойынша, 2017 жылы Қазақстанның білім беруге жұмсалатын мемлекеттік шығындары жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 3,7 %-ын құрады. Жоғары білім беруге арналған мемлекеттік шығындардың үлесі ЖІӨ-ге 0,3 % шегінде тұрақты төмен күйінде қалып отыр, ғылымға арналған шығындар ЖІӨ-ге 0,2 % - дан аспайды. ЖІӨ-ге пайыздық қатынаста инвестициялардың мұндай деңгейі көптеген елдерге қарағанда неғұрлым төмен және ЮНЕСКО ұсынған ЖІӨ-ге 5-7% - ның орташа деңгейінен төмен болып табылады. 2017 жылы Қазақстандағы білім беру жүйесіне республикалық бюджет шығыстары 458 636 млн. теңгені құрады. Бірқатар бюджеттік бағдарламалар бойынша 2016 жылмен салыстырғанда шығыстардың айтарлықтай қысқаруы болды [13].

Барлық деңгейдегі білім беруді қаржыландыруға бөлінетін ЖІӨ үлесі, әсіресе Канадада, Оңтүстік Кореяда, Данияда, АҚШ-та, Исландияда, Норвегияда, Жаңа Зеландия мен Ұлыбританияда жоғары (ЖІӨ-нің 6 %-дан астамы). Одан кейін ЖІӨ-нің 4 %-дан кем көрсеткішімен – Ресей, Венгрия, Индонезия, Люксембург, Словакия және Чех Республикасы орналасқан [14].

HUMAN DEVELOPMENT REPORT 2019
Beyond income, beyond averages, beyond today:
Inequalities in human development in the 21st century

HDI rank	SDG Indicators											
	Childhood and youth					Adulthood			Older age			
	Sex ratio at birth ^a	Gross enrolment ratio			Youth unemployment rate	Population with at least some secondary education	Total unemployment rate	Share of employment in nonagriculture, female	Share of seats in parliament	Time spent on unpaid domestic chores and care work	Old-age pension recipients	
		(female to male ratio)										
(male to female births)	Pre-primary	Primary	Secondary	(female to male ratio)	(female to male ratio)	(female to male ratio)	(% of total employment in nonagriculture)	(% held by women)	(% of 24-hour day)	(female to male ratio)	(female to male ratio)	
2015–2020 ^b	2013–2018 ^c	2013–2018 ^c	2013–2018 ^c	2018	2010–2018 ^c	2018	2018	2018	2008–2018 ^c	2008–2018 ^c	2013–2017 ^d	
50 Belarus	1.06	0.96	1.00	0.98	0.66	0.94	0.56	52.4	33.1	19.2 ^d	2.0 ^d	..
50 Kazakhstan	1.07	1.02	1.02	1.01	1.13	0.99	1.33	48.6	22.1	17.9 ^d	3.0 ^d	..
52 Bulgaria	1.06	0.99	0.99	0.97	0.84	0.98	0.84	47.9	23.8	18.5 ^d	2.0 ^d	1.00
52 Montenegro	1.07	0.98	0.99	1.00	0.84	0.90	1.05	44.1	23.5
52 Romania	1.06	1.00	0.99	0.99	0.99	0.94	0.77	44.1	18.7	19.0 ^d	2.0 ^d	1.00
55 Palau	..	1.09	0.96	1.05	..	1.00	13.8
56 Barbados	1.04	1.04	0.98	1.04	1.12	1.03	1.10	50.0	27.5
57 Kuwait	1.05	1.00	1.00	1.08	4.18	1.15	5.11	31.8	3.1
57 Uruguay	1.05	1.02	0.98	..	1.43	1.07	1.49	46.9	22.3	19.9	2.4	1.04
59 Turkey	1.05	0.95	0.99	0.98	1.39	0.67	1.42	28.3	17.4	19.2	5.2	..
60 Bahamas	1.06	1.07	1.05	1.06	1.59	0.97	1.28	47.1	21.8
61 Malaysia	1.06	1.04	1.01	1.05	1.13	0.98	1.23	39.9	15.8

3-сурет – Адам дамуының индексі (2019) бойынша әлем елдерінің рейтингі
Ескерту – дерек көзі [12]

Біріккен Ұлттар ұйымы даму бағдарламасының (БҰҰ ДБ) 2019 жылғы Адам дамуы туралы баяндамасында Қазақстан БҰҰ Даму Бағдарламасының әлем елдері рейтингінде Адами даму индексіне 3-суретте көрсетілгендей 50-ші орынға ие болды [15].

Құжатқа сәйкес, 2018 жылы республика өз позициясын 2017 жылмен салыстырғанда сегіз тармаққа жақсартты. «Қазақстан 1992 жылдан бастап адам дамуының жоғары деңгейіне жетті», – деп баспасөз конференциясында БҰҰДБ-ның Қазақстандағы Тұрақты өкілі Якуп Беришатап өтті [16].

Қазақстан жалпы білім беру деңгейі индексі негізінде 2019 жыл бойынша әлем елдерінің рейтингінде (4-суретте көрсетілген) 38-ші орынды нәтижеледі. Нәтеже орташадан жоғары және еліміздегі білім деңгейіне оң баға береді [17].

United Nations Development
Programme: Education Index 2019.

РЕЙТИНГ	СТРАНА	ИНДЕКС
1	Германия	0.946
2	Австралия	0.923
37	Мальта	0.818
38	Қазақстан	0.817

4-сурет – Білім деңгейі индексі бойынша (2019) бойынша әлем елдерінің рейтингі
Ескерту – дерек көзі [17]

Индекс екі негізгі көрсеткіш бойынша оның халқының қол жеткізілген білім деңгейі тұрғысынан елдің жетістіктерін өлшейді:

Бірінші, халықтың сауаттылық индексі (салмағы 2/3).

Екінші, бастауыш, орта және жоғары білім алатын оқушылардың жиынтық үлесінің индексі (1/3 салмағы). Яғни, жоғарыда көрсетілген екі рейтинг индексінің нәтижелері жалпы білім алушылар санына және процентік ауқымына негізделген. Қазақстанда адам капиталы жоғары деңгейде болуы үшін бұл нәтижелер жеткіліксіз. Сол себепті ендігі кезекте еліміз сапаға, әсіресе жоғары оқу орындарының білім деңгейінің сапасына көңіл аударған жөн. Қазіргі ғалымдардың еңбектерінде де, атап айтсақ В. А. Мау, Т. Л. Клячко [18] университеттегі білім жүйесі экономикалық өсімге әсер беретін негізгі фекторлардың бірі ретінде көрсетеді.

Адам капиталының дамуында маңызды баспалдағы саналатын кәсіптік білім, яғни жоғары оқу орындарындағы білім жүйесі екіні айттық. Жалпы, кәсіптік білім берудің мақсаты білім алушыларда белгілі бір салада кәсіби қызметті жүргізуге және нақты кәсіп немесе мамандық бойынша жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін білім, білік, дағды мен құзыреттілікті қалыптастыру. Кәсіптік білім төрт деңгейді білдіреді, олар: орта кәсіптік білім; жоғары кәсіптік білім бакалавриат (академиялық және колданбалы); жоғары кәсіптік білім мамандану, магистратура; жоғары кәсіптік білім жоғары білікті кадрларды даярлау (докторантура) [19].

Жоғары білім берудің ұлттық жүйелерінің рейтингі (U21 Ranking of National Higher Education Systems) - жаһандық зерттеу және жоғары білім беру саласындағы әлем елдерінің жетістіктерін өлшейтін рейтингімен қатар жүретін рейтинг. Осы рейтингте ең үздік жоғары білім берудің ұлттық жүйелері бойынша әлем елдерінің 50 мемлекетінің білім деңгейі негізінде реті тізбектелген [20]. Осылайша, сапаға негізделген кәсіптік білімнің рейтингінде Қазақстан жоқ. Тізбек бойынша енген мемлекеттердің экономикалық даму деңгейіде жоғары, яғни салыстырмалы түрде бұдан кәсіптік білім деңгейі мен мемлекет экономикасының қатыстылығын аңғаруға болады. Отандық білім алушылардағы белгілі бір салада кәсіби қызметті жүргізуге және нақты кәсіп немесе мамандық бойынша жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін білім, білік, дағды мен құзыреттілік қазіргі жаһандану заманында нақты өз көрінісін беруде. Сапалы кәсіби маманның болмауы әр салада өз кемшілігін тигізуде. Еліміздегі миллиондаған маманның кәсіптік деңгейінің жоғары болуы табыстың да жоғары болуына, тиісінше елдің әлеуетінің де жақсаруына септігін тигізеді. Өйткені, елімізде әрбір маман өзара тайталасқа емес, жаһандық деңгейдегі бәсекелестікке дайын болуы керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, мыналарға назар аударған жөн. Э. Денисонның есептеріне сәйкес, АҚШ-тағы соғыстан кейінгі кезең ішінде жан-жақты табыстың 15-30 % өсуі жұмыс күшінің білім беру деңгейінің артуының салдары болып табылады. Гонконг, Сингапур, Оңтүстік Корея сияқты елдердің тәжірибесі білім беру мен денсаулық сақтауға инвестиция салу ставкасы экономикалық дамудың неғұрлым тиімді стратегиясы болып табылатынын растайды [21].

Қазақстандық еңбек нарығын дамытуға және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуге қабілетті жоғары білікті мамандарды шығару Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру жүйесінің негізгі стратегиялық міндеті болып табылады. Бұл міндетті шешу үшін студенттер Қазақстан экономикасында тиімді жұмысты жүзеге асыру үшін тиісті білім мен дағдыға ие болуы тиіс. Нәтижесінде олардың көп бөлігі жұмыс тауып немесе өз ісін бастаған кезде, олардың деңгейі мен білімі нарықтағы бәсекелестікке сәйкес келуі керек.

Сол себепті де, жоғарыда келтірілген мәліметтер мен зерттеулерге сәйкес Қазақстанда адам капиталына инвестиция құю көлемін жоғарлату керек. ЮНЕСКО-ның ұсынымдары бойынша елдің жоғары білім беру саласын қаржыландыруға бағытталған қаржы ресурстарының көлемі елдің ЖІӨ-нің кемінде 6-7 %-ы болуға тиіс. Соңғы 10 жылда мемлекеттік қаржыландыру деңгейі ЖІӨ-нің 1-1,5 %-ынан аспайды. Жүргізілген зерттеулер нәтижесі төмендегідей түйіндер мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Біріншіден, елдің ЖІӨ-нің өсуіне барабар мемлекеттік қаржыландыру көлемін кезең-кезеңмен ұлғайту. Жоғары сапалы білім беру үшін жағдай жасау ірі қаржылық салымдарды талап етеді. Бұл қаржылық ауыртпалықтың негізгі бөлігі мемлекетте жатыр және мұндай жағдай келешекте сөзсіз сақталатын болады.

Екіншіден, жоғары білім беру саласына мемлекеттік бюджеттен тыс қаражат тартуды көздейтін мемлекеттік саясатты жүргізу.

Үшіншіден, корпоративтік қаржыландыру (жеке компаниялар, ірі өндірістік компаниялар тарапынан демеушілік көмек) және т. б. ретінде саланы қаржыландырудың қосымша көздерін дамыту.

Сонымен қатар, мемлекет тарапынан адам капиталын дамыту мақсатында білім саласына қаржыны ұлғайту барысында, мемлекеттік реттеуді қолданып және төмендегі жағдайларды да ескеріп, Білім және ғылым министрлігі тарапынан кейбір қосымша түзетулер мен қадағалау жүйелері енгізілуі керек. Елімізде, біріншіден, жаңа білім беру стандарттарын қайта қарау қажет. Соңғы уақытта жаңа білім беру стандарттары еуропалық гуманизацияны алып келді, бұл іс жүзінде алынатын білім берудің сапасын, оның қол жетімділігін төмендетуге әкеп соғады. Өйткені, білім алушылардың менталитеті басқа елдерден өзгеше. Екіншіден, жоғары білім беру сатысына ауыса отырып, білім беруді жаңғырту бағытындағы ең ірі қадамдардың бірі болып табылатын ұлттық бірыңғай тестті енгізуді атап өтуге болады. Барлық күтілетін артықшылықтарға қарамастан, бұл жүйенің іске асыру кезіндегі қателіктер кері әсерін тигізуде. Үшіншіден, жоғары оқу орындарында ғалымдар мен оқытушылардың ескі көзқарастағы негізі қалыптасқан. Төртіншіден, университеттегі білім жүйесі тар саланың маманы болуға емес, әр саланы кішігірім білу мақсатын алға қойған. Бесіншіден, берілетін білім мен практикадағы қажетті білімнің ара жігі өте үлкен. Мәселен, хирургке операция жасау процесі мен оған қажетті ескертпелерді үйрету керек болса, университетте хирургтердің тарихы, қай елде қандай операция жасалған, оның мақсаты, принципі не функциялары секілді орынсыз ақпараттар көп беріледі.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, білім беру саласындағы тиімді мемлекеттік саясатты әзірлеу мақсатында мемлекет күштерін жұмылдыру қажеттігі туралы ойлануға тиіс.

Себебі білім саласында дер кезінде «Азия Жолбарыстары» адам капиталында жасырынып жүрген даму әлеуетін уақытылы бағалады. Ал жапон және қытай экономикалық ғажайыптарындағы білім факторының ролін талдау жеке зерттеу пәні болып табылады.

Адами капитал көрсеткіштерінің серпініне байланысты үдерістерді талдау ұлттық экономикалардың дамуының негізгі үрдістерін түсінуге, олардың инновациялық және ғылыми-техникалық әлеуетін қарауға, әлемдік экономика құрылымындағы жекелеген елдердің орнын халықаралық бөлу контексінде болжауға мүмкіндік береді.

Кез келген мемлекеттің әл-ауқаты мен тұрақты дамуы ұлттық адами капиталдың көрсеткіштеріне байланысты және әлемдік экономиканың даму үрдістері бұл тәуелділік уақыт өткен сайын ғана нығайып келе жатқанын көрсетеді. Адам ресурстарына инвестициялаудан экономикалық қайтарым материалдық салаға инвестициялардан қайтарымынан айтарлықтай жоғары екендігі дәлелденді. Экономиканы жаңғырту және технологиядағы инвестициялар адами капиталға инвестициялардың озық еселік ұлғаюымен сүйемелденуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дресвянников В. А., Лосева О. В. Человеческий интеллектуальный капитал. Теория, методология и практика оценки / Монография. – Москва: РУСАЙНС, 2017. – 284 с.
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы [Электрондық ресурс]. – URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827/history_ (қаралған күні: 10.03.2020).
3. Stanley B. G. Human Capital. – N. Y.: Inc., 1964. – 102 p.
4. Bovenberg A. L. The Life-course perspective and social policies: An overview of the issues // CESifo Economic Studies. – 2008. – Vol. 54. – № 4.
5. Альван Хассан Абед Али. Человеческий капитал в системе факторов экономического роста. [Электрондық ресурс]. – 2019. – URL: https://www.dissercat.com/download/27596ce6-5581-4f8f-a3c2-242df29efda6/pdf_ (қаралған күні: 12.05.2020).
6. Хоконов А. А. К вопросу о значении фактора человеческого капитал в инновационном развитии страны // МИР (Модернизация. Инновации. Развитие). – 2015. – № 6. – С. 76–80.

7. Холина Л. И. Человеческий капитал и образование как его главная составляющая. [Электрондық ресурс]. – 2009. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/chelovecheskiy-kapital-i-obrazovanie-kak-ego-glavnaya-sostavlyayuschaya> _ (қаралған күні:10.04.2020).
8. Макконелл К. Р., Брю С. Л. Экономика. 13-ші басылым. М.: Инфра-М, 2001.
9. Statistical Abstract if the U.S. 1973. Washington, 1973 // Current Population Reports. –1974. – № 9.
10. Катульский Е. Д. Білім экономикасының жағдайында адами капиталдың дамуы // ӘЛЕМ (Жаңғырту. Инновациялар. Дамыту). – 2013. – № 3 (15). – С. 74–78.
11. Becker G. S. Human Capital: A Theoretical and Empirical Analysis. – NY, 1964, – 412 p.
12. Устойчивость университетов в отношении модели финансирования системы высшего образования в РК в условиях переходного периода. Научная монография / Али Айт Си Мхамед, Р. Каса, А.К. Сагинтаева, Г. Воссенштейн – НурСултан: Nazarbayev University Graduate School of Education, 2018. – 68 с.
13. Аналитический отчет по реализации принципов Болонского процесса в Республике Казахстан, 2018 год. – Астана: Центр Болонского процесса и академической мобильности МОН РК, 2018. – 64 с.
14. G.V. Semeko The financing of education in leading countries of the world after the financial crisis: A comparative analysis. [Электрондық ресурс]. – 2018. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/finansirovanie-obrazovaniya-v-veduschih-stranah-mira-posle-finansovogo-krizisa-sravnitelnyy-analiz>_ (қаралған күні:13.05.2020).
15. Beyond income, beyond averages, beyond today: Inequalities in human development in the 21st century // Human Development Report. – 2019. – 323 p.
16. Райымбекова А., Юсупов А. Казахстан на 50-месте в рейтинге стран по индексу человеческого развития [Электрондық ресурс]. – 2019. – URL: <https://www.aa.com.tr/> _ (қаралған күні:10.04.2020).
17. EducationIndex 2019 [Электрондық ресурс]. – 2019. – URL: <http://hdr.undp.org/> _ (қаралған күні:10.04.2020).
18. Мау В. А., Клячко Т. Л. Развитие человеческого капитала. Из серии: Россия: вызовы модернизации. Социальная политика – 2013.
19. Карпенко Е.З. Формирование отечественного человеческого капитала в условиях перехода к инновационной экономике. – Москва, 2017. – 176 с.
20. Universitas 21: Ranking of National Higher Education Systems 2019. [Электрондық ресурс]. – 2019. – URL: <https://gtmarket.ru> _ (қаралған күні: 10.04.2020).
21. Denison E. F. The sources of economic growth in the United States and the alternatives before us. – N. Y., 1962.

REFERENCES

1. Dresvánnikov, V. A. and Loseva, O. V. (2017), “Chelovecheskii intellektualnyi kapital. Teoria, metodologiya i praktika osenki”, Monograph, Moscow, RÝSAINS, 284 p. (in Russian).
2. "Sıfırlıq Qazaqstan" memlekettik baǵdarlamasyn bekıtı túraly Qazaqstan Respýblıkasy Úkimetiniń 2017 jylǵy 12 jeltoqsandaǵy № 827 qaýlysy, available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827/history>_ (accessed: February 10, 2020) (in Russian).
3. Stanley, B. G. (1964), “Human Capital”, N.Y. 102 p.
4. Bovenberg, A. L. (2008), “The Life-course perspective and social policies: An overview of the issues”, CESifo Economic Studies, Vol. 54, No. 4.
5. Alvan Hassan Abed Alı (2019), “Chelovecheskii kapital v sisteme faktorov ekonomicheskogo rosta”, available at: <https://www.disserecat.com/download/27596ce6-5581-4f8f-a3c2-242df29efda6/pdf>_ (accessed: February12, 2020) (in Russian).
6. Hokonov, A. A. (2015), “K voprosy o znachenii faktora chelovecheskii kapital v innovatsionnom razvitiı strany”, MIR (Modernizatsia. Innovatsii. Razvitiie), No.6, pp.76–80 (in Russian).
7. Holina, L. I. (2009), “Chelovecheskii kapital i obrazovanie kak ego glavnaia sostavláushaia”, available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/chelovecheskiy-kapital-i-obrazovanie-kak-ego-glavnaya-sostavlyayuschaya>_ (accessed: February 10, 2020) (in Russian).

8. Makkonell, K. R. and Brú, S. L. (2001), “Ekonomika”, 13th ed., Infra-M, Moscow.
9. “Statistical Abstract of the U.S. 1973. Washington, 1973” (1974), Current Population Reports, No. 9.
10. Katýlskii, E. D. (2013), “Bilim ekonomikasynyń jaǵdaynda adamı kapitaldyń damýy”, ÁLEM (Jańǵyrtý. Inovasiıalar. Damytý.), No. 3 (15), pp. 74–78 (in Russian).
11. Becker, G. S. (1964), “Human Capital: A Theoretical and Empirical Analysis”, NY, 412 p.
12. “Ýstoichivos ýniversitetov v otnosheniı modeli finansirovaniya sistemy vysshego obrazovaniya v RK v ýsloviakh perehnogo perioda” (2018), Monograph, Alı Aıt Sı Mhamed, R. Kasa, A.K. Sagıntaeva, G. Vossenshtein, Nur-Sultan, Nazarbayev University Graduate School of Education, 68 p. (in Russian).
13. “Analiticheskii ochet po realizatsii prinsıпов Bolonskogo prosesa v Respýblike Kazahstan” (2018), Nur-Sultan, Sentr Bolonskogo prosesa i akademicheskoi mobilnosti MON RK, 64 p. (in Russian).
14. Semeko G. V. (2018), “The financing of education in leading countries of the world after the financial crisis: A comparative analysis”, available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/finansirovanie-obrazovaniya-v-veduschih-stranah-mira-posle-finansovogo-krizisa-sravnitelnyy-analiz> _ (accessed: February 13, 2020).
15. “Beyond income, beyond averages, beyond today: Inequalities in human development in the 21st century” (2019), Human Development Report, 323 p.
16. Raiymbekova, A. and Iýsýpov, A. (2019), “Kazahstanna 50-meste v reitıne stran po indeksy chelovecheskogo razvitiya”, available at: <https://www.aa.com.tr/> _ (accessed: February 10, 2020) (in Russian).
17. “Education Index 2019” (2019), available at: <http://hdr.undp.org/> _ (accessed: February 10, 2020).
18. Maý, V. A. and Kláchko T. L. (2013), “Razvıtie chelovecheskogo kapitala”, Rossia: vyzovy modernizatsii. Sotsialnaya politika. (in Russian).
19. Karpenko, E. Z. (2017), “Formirovanie otechestvennogo chelovecheskogo kapitala v ýsloviakh perehoda k innovatsionnoi ekonomike”, Moscow, 176 p. (in Russian).
20. “Universitas 21: Ranking of National Higher Education Systems 2019” (2019), available at: <https://gtmarket.ru> _ (accessed: February 10, 2020).
21. Denison, E. F. (1962), “The sources of economic growth in the United States and the alternatives before us”, NY.

SUMMARY

Currently, Kazakhstan must be strengthened by innovative leaps to take a worthy place in the world, leading positions in all areas of world politics and the developed economy. It is shown that such a leap cannot be made without the use of high-quality human capital. State reform or a program aimed at improving institutions and increasing the country's potential and economy should, first of all, take into account and develop the level of human capital.

ТҮЙІНДЕМЕ

Қазіргі уақытта, Қазақстан әлемдегі лайықты орынға, әлемдік саясат пен дамыған экономиканың барлық салаларына қатысты ілгері орынға ие болуы үшін инновациялық секіріспен нығайтылуы тиіс. Мұндай секіруді сапалы адами капиталды пайдаланбай жүзеге асыру мүмкін еместігі көрсетілген. Институттарды жақсартуға және елдің әлеуетін және экономикасын көтеруге бағытталған мемлекеттік реформа не бағдарлама, бірінші кезекте, адам капиталының деңгейін ескеруге және оны дамытуға тиіс.

РЕЗЮМЕ

В настоящее время Казахстан должен быть укреплен инновационными прыжками, чтобы занять достойное место в мире, лидирующие позиции во всех сферах мировой политики и развитой экономики. Показано, что такое прыжок невозможно осуществить без использования качественного человеческого капитала. Государственная реформа либо программа, направленная на улучшение институтов и повышение потенциала и экономики страны, должны, в первую очередь, учитывать и развивать уровень человеческого капитала.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Тұмбай Жұмабек Орманбекұлы – кандидат экономических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан.

Орынбасаров Мирас Какимович – докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: miras_omk_m@mail.ru

MPHTI 06.35.51

JEL Classification: Q18

FOOD SECURITY: THEORETICAL REVIEW AND STRUCTURE OF VIEWS

A. T. Tleuberdinova¹, O. K. Slinkova², P. K. Salibekova³

^{1,3}«Turan» University, Almaty, Republic of Kazakhstan

²Belgorod State University, Moscow, Russian Federation

ABSTRACT

Purpose of the research – The country's food security as a key component of national security is one of the pressing issues for achieving economic independence in many countries. The article analyzes the theoretical foundations of the concept of food security.

Methodology – The article uses the methods of conducting theoretical studies of foodstuff safety; the method of comparative analysis and systematization of scientific literature.

Originality / value of the research. Studying the definitions of various scientists-economists on this issue have identified three major approaches to the formulation of the concept of food substance safeness, depending on the specific context and prevailing political issues: as a universal guarantee of product availability for the population; how the government guarantee access to food for every citizen of the country; food / economic independence of the country.

Findings. The author's vision of given term content is formulated in the article. The article presents the author's scheme of the food security system and the interaction of its components, defines the main directions of solving the problem of food security in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: food security, competition, country, interests, food independence, market.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ: ТЕОРИЯЛЫҚ ШОЛУ ЖӘНЕ КӨЗҚАРАСТАР ҚҰРЫЛЫМЫ

А. Т. Тлеубердинова¹, О. К. Слинкова², П. Қ. Салибекова³

^{1,3}«Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²Белгород ұлттық зерттеу университеті, Ресей Федерациясы

АҢДАТПА

Зерттеудің мақсаты – елдің азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі ретінде көптеген елдердің экономикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мақалада азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамасының теориялық негіздері талданады.

Әдіснамасы – мақалада азық-түлік қауіпсіздігіне теориялық зерттеулер жүргізу әдістері; ғылыми әдебиеттерді салыстырмалы талдау және жүйелеу әдісі қолданылған.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы – осы мәселе бойынша әр түрлі экономист ғалымдардың анықтамаларын зерттеу нақты мәнмәтінге және басым саяси мәселелерге байланысты азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамасын қалыптастыруға үш негізгі тәсілді бөлуге мүмкіндік берді: халық үшін азық-түлік өнімдерінің қол жетімділігінің әмбебап кепілдігі ретінде; мемлекет елдің әрбір азаматы үшін азық-түлікке қол жетімділікке кепілдік ретінде; елдің азық-түлік / экономикалық тәуелсіздігі.

Зерттеу нәтижелері – мақалада азық-түлік қауіпсіздігі мазмұнының авторлық көзқарасы тұжырымдалған. Мақалада азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің және оның компоненттерінің өзара іс-қимылының авторлық схемасы берілген, Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасын шешудің негізгі бағыттары айқындалған.

Түйін сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, бәсекелестік, ел, мүдделер, азықтық тәуелсіздік, нарық.

ПРОДОВОЛЬСТВЕННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ ОБЗОР И СТРУКТУРА ВЗГЛЯДОВ

А. Т. Тлеубердинова¹, О. К. Слинкова², П. К. Салибекова³

^{1,3} Университет «Туран», Алматы, Республика Казахстан

² Белгородский национальный исследовательский университет, Российская Федерация

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – продовольственная безопасность страны как ключевая составляющая национальной безопасности является одним из актуальных вопросов для достижения экономической независимости многих стран. В статье анализируются теоретические основы концепции продовольственной безопасности.

Методология – в статье использованы методы проведения теоретических исследований продовольственной безопасности; метод сравнительного анализа и систематизации научной литературы.

Оригинальность/ценность исследования – изучение определений различных ученых-экономистов по данному вопросу позволило выделить три основных подхода к формулированию концепции продовольственной безопасности в зависимости от конкретного контекста и преобладающих политических вопросов: как универсальная гарантия доступности продуктов питания для населения; как государство гарантирует доступ к продовольствию для каждого гражданина страны; продовольственная / экономическая независимость страны.

Результаты исследования – в статье сформулировано авторское видение содержания продовольственной безопасности. В статье представлена авторская схема системы продовольственной безопасности и взаимодействия ее компонентов, определены основные направления решения проблемы обеспечения продовольственной безопасности в Республике Казахстан.

Ключевые слова: продовольственная безопасность, конкуренция, страна, интересы, продовольственная независимость, рынок.

INTRODUCTION

Food security is a complex system and an integral part of the national security system, which is a fundamental factor determining the importance and influence of the country in the world community. National security of the Republic of Kazakhstan is a protection of the national interests of the Republic of Kazakhstan from real and potential threats, ensuring the dynamic development of citizens, society and the state as a whole [1].

In the context of intensive globalization, which is covering all spheres of human activity, a high level of integration of the economies leads to an increase in the dependence of the level of national safety on the ability of each side to provide itself with necessary food.

The aim of the research is to determine the content of the concept of livelihood guarantee based on an analysis of theoretical aspects. The purpose of the study identified the objectives of the study: 1. Review of the

definitions of food security by leading domestic and foreign scientists; 2. The formulation of the own vision of food security in relation to the situation in the Republic of Kazakhstan; 3. Determination of the main directions of resolving the issue of food defense in the country.

THE MAIN PART OF RESEARCH

The problem of ensuring the physical and economic accessibility of quality meal for any person in accordance with rational norms of healthy eating in volumes sufficient to maintain an active life is typical problem for densely populated countries due to lack of resources, high birth rates, which has been a stumbling block for all countries since ancient times. This question was first raised by T. Malthus in 1798. In his work "Essay on the Principle of Population", he wrote that "the laws of nature determine the inevitability of a growing discrepancy between population growth and an increase in livelihoods" [2]. Malthus considered the following principle as the main postulate of his theory: the population is growing geometric progression, at the same time, the resources needed to support life are growing only in arithmetic progression. The main conclusion of T. Malthus, as well as his followers, was that population growth would be limited by food production and other resources [3]. The ideas of Malthus can be traced in the works of P. Ehrlich, who expressed the idea that the ability to maintain world food growth at a level no less than population growth would be the greatest problem of the 21st century [4].

Since the problem of hunger has always been acute for many countries, its solution remained relevant for the world community. Therefore, the definition of nutrition safety of the Food & Agriculture Organization (FAO) of the United Nations is more related to the issue of ensuring guaranteed access to food for the whole population, which is necessary for a full life. According to the current FAO definition, meal security is a situation where all people have physical, social and economic access to an adequate, safe and high-calorie nutrition that meets their dietary needs and food preferences for an active and healthy life [5].

The concept of food security over the past 50 years has undergone significant changes. Its most common definitions vary around those proposed by the World Bank [6] and summarized by S. Maxwell and T. Frankenberger as "safe access to enough food for a healthy life at any time" [7]. In their comprehensive literature review on food provision, they list 194 studies on the concept and definition of food security. About 200 definitions and 450 food safety indicators were listed by the International Food Policy Research Institute (IFPRI) [8]. R. Gross and his co-authors provided a synthesis of various concepts and models of nutrition [9].

The issue of nutrition safety is a topic of research of many Kazakhstani scientists. So, Z.Kh. Zhanbekova determines that "Meal safeness is a category expressing relations between the state and the population regarding the formation of conditions for satisfying the needs of all citizens in food products in accordance with physiological norms" [10]. A.A. Kaygorodtsev gave the following capacious definition: "Meal guarantee is a situation of reliable protection of the vital interests and the fundamental basics of the existence of the individual, society and the state from internal and external threats, in which it becomes possible to ensure the main types of food for the entire population of the country at the expense of own production, with a mandatory priority the most vulnerable, the poorest population, and physical and economic affordability of food in such quantity and quality, which are necessary for the preservation and maintenance of human life and capacity, or the maximum possible full independence of the state from external food sources".

Moreover, the authors E. S. Ospanov., A. A. Kaygorodtsev focuses on the dependence of food security on the state of the economy, including its agro-industrial complex, in which it becomes possible to ensure stable supply of the main types of food for the entire population of the country [11].

A. Lysochenko adheres to a similar opinion, defining this term as a system characteristic of the effective functioning of the agro-industrial complex from the point of view of ensuring the production of high-quality agricultural products based on expanded reproduction under external and internal threats [12].

Russian scientists E. Serova [13], Yu. Khromov [14] prove that given term in a broad context is the level of accessibility of food for the main part of the country's population to maintain a normal lifestyle, and the state's food strategy should achieve the optimal combination of various factors aimed to complete supply of food to the population at national level.

There are many criteria for determining the nutrition safety of a country, and each author has his own point of view. For example, S. S. Bekenov relates the following to modern meal safety criteria [15]:

- share of food expenditures in total expenditures of certain groups of the population;
- territorial availability of products (measured by comparing the level of retail prices for identical goods in different regions of the country);
- level of “convenience” of food (share in the consumption of modern products that reduce losses and save time in the household);
- the degree of "naturalness" and good quality of products, the impact of product quality on health and life expectancy, including products obtained using genetic engineering and biotechnology methods, etc.

E. V. Serova [13], I. Yu. Lenchevsky [16], V. S. Balabanov [17] agree that, in a generalized form, the criteria for assessing feed safeness are determined by:

- the physical accessibility of food to consumers, i.e. the constant availability of food products throughout the country in quantity and assortment corresponding to solvent demand. This criterion is the main one;
- economic affordability of food, i.e. their accessibility to the consumer at a price regardless of social status and location, which allows to purchase food at least at a minimum level;
- food safety, i.e., the absence in them of everything that makes this product unsuitable for food or dangerous to humans.

